Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№48 (585)
28 қараша,
2024 жыл

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан

Біздің бала

ШЕТЕЛДЕ ҚАНАТ ЖАЙҒАН ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЖАСТАР

Білім алу тек жаңа дағдылар мен тәжірибе жинақтау емес. Бұл тізбекке таным көкжиегін кеңейтуді де қосқан жөн. Біз мұны шетелде білім алу тәжірибесінен ерекше байқаймыз.



Қызылорданың жас өкілдері де бұл мүмкіндікке толыққанды ие. Олар түрлі бағдарлама арқылы әлем елдеріне табан тіреп, сол жердің білім беру жүйесін көзімен көріп, жаңа ортаға бейімделіп жатыр. Осы орайда оқырмандарға өзге елде білімін жетілдіріп жүрген қызылордалық жастарды насихаттау мақсатында «Біздің бала...» айдарын ұсынамыз.

ҚОС ҚЫЗДЫҢ КАНГНАМДАҒЫ КҮНДЕРІ

Мәдениеті һәм ұлттық тағамдарымен ерекшеленетін, жастардың арманына айналған Оңтүстік Кореяның медицинамен қатар білім саласында да ойып алар орны бар. Сол үшін де жастардың қызығушылығы жоғары. Мәселен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Әйгерім Менлібек пен Жауқазын Қазыбекқызы Оңтүстік Кореядағы Кангнам университетінде академиялық ұтқырлық аясында білім алуда.

– Қазақстандағы ЖОО-мен салыстырғанда Кангнам университетінде үлкен өзгешілік бар. Студенттер біз сияқты топтарға бөлінбейді. Әр білім алушының ерекше нөмері болады. Ал сабақты өздерінің ыңғайына байланысты таңдайды. Мұғалім мен пән, пәннің өтетін уақытын өзгертуге мүмкіндігіміз бар. Емтихандары да басқаша. Ал егер сабақ мейрам уақытына келіп қалса, сол пән онлайн форматта немесе бейне сабақ ретінде өтеді.

Студенттерге жатақханада арнайы спорт зал бар. Ал кампуста 24/7 жұмыс істейтін дүкендер орналасқан. Білім алушы өз сабақ уақытын өзі таңдайтындықтан ыңғайлы күні басқа қалаға қыдырып кете алады. Кампус ішінде тегін автобус жүретіндіктен сабаққа қиналмай барады. Сонымен қатар мұнда үлкен кітапхана, кафетерий және сабақ оқуға ыңғайлы түрлі орын қарастырылған, – деді Айгерім Менлібек.

4-бетте

Мөлдір Маханбетова:

ТАҒДЫРЛАСТАРЫМ ҮЛГІ ТҰТАТЫН ТҰЛҒА БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Күнделікті күйбең тіршіліктің бел ортасында жүріп алдымыздан кездесетін кішкентай сынға шыдас бермей, жігеріміз құм болып, жанарымызды су алып, жасып жатамыз. Ал тағдырдың қатал тұзағына түссек ше... Бүгін біз әңгімелейтін жан нағыз қайсарлықтың құнын көрсетіп, ерік-жігердің мықтылығына мысал бола білген жан. Туа бітті дертке шалдыққан Мөлдір Маханбетова өмірге деген құштарлығының арқасында спортқа деген махаббаты оянып, бүгінде талай байрақты бәсекелерде оқ бойы озып келеді. Жуырда ғана Алматы қаласында пара поуэрлефтингтен өткен Қазақстан чемпионатында 86 келі салмақ дәрежесінде топ жарып, рекорд жаңартқан жерлесімізбен ашық әңгіме өрбітудің сәті түсті.

8-бетте

ТОҚТА, БАЛА, ШЕТ ТІЛДЕ ШҮЛДІРЛЕМЕ

Жастардың бүгінгі сөз саптауы көбімізге түсініксіз, себебі заманына сай олардың ойлау қабілеттері ерекше. Байырғы кездегідей әдеби сөйлеп, құлақтың құрышын қандыратын қанатты сөздерге бай жас ұрпақты сирек кездестіреміз. Ол бір жағынан өкінішті, ал басқа қырынан қарасақ уақыт талабына сай. Жаңашыл жастың заманауи деп отырғаны, өзге тілді ана тілімен араластыра отыра, қатарластарымен терезе түйістіру. Ал тіл тазалығының хәлі не болмақ?

3-бетте

ӘЙЕЛДЕН АҚЫН ШЫҒА МА?
5-бетте

ЖЕТІ ӘУЛИЕ ЖАТҚАН ЖЕР
7-бетте

«РАПУНЦЕЛЬ» ҚЫЗДЫҢ ҚҰПИЯСЫ
8-бетте

Айнұр БАЙМАХАНОВА:

ХАЛЫҚ СЕНІМІ – МАҢЫЗДЫ МОТИВАЦИЯ

Тәтті – кез келген мерекенің сәні. Ал Қызылорда қаласындағы «Ainur's Cakes» кондитерлік үйі өнір халқын дәмді өнімдерімен қуантып, жайылған әр дастарханның төрінен табылып жүр. Аймақта үш бірдей нүктесін ашып үлгірген кондитерлік үйдің негізін қалаушы Айнұр Баймахановамен әңгіме-дүкен құрып, кәсіпкерліктің қыр-сырымен танысып қайттық.

– Сұхбатымызға келіскеніңізге рақмет, Айнұр ханым! Алғашқы сұрағым еңбек жолыңыздың бастау алғаны туралы болмақ. Кондитерлікке қалай бет бұрдыңыз?

– Рақмет! Кондитерлікке қызығушылығым балалық шағымнан басталды. Үйде тәттілер пісіруге қатты қызығатынмын, бос уақытымда түрлі пирог, торт дайындайтын едім. Дегенмен кәсіпке нақты бет бұрған уақытым 2015 жыл болды. Ол кезде декреттік демалыста едім. Сол уақытта бос уақытымды тиімді пайдаланғым келіп, хоббиімді кәсіби деңгейге көтеріп көруге шешім қабылдадым. Алғашында үйде шағын торттар дайындап, таныстарыма саттым. Бірте-бірте тұтынушы саны көбейіп, бизнесімді кеңейту керек екенін түсіндім.

8-бетте

«АТАМЕКЕН» ПАЛАТАСЫНЫҢ БИЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШІ ҚАНДАЙ?

Кәсіпкерлердің құқығын қорғау, кеңес беру, экономиканы әртараптандыру мақсатында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тыңғылықты жұмыс істеп келеді. Бүгінде республика бойынша 1,4 миллион кәсіп иесін біріктіріп, отандық бизнесіне қолдау көрсетуде. Ал өңірлік палатадағы ахуал қандай?

Өткенге көз салсақ, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасы сервистік және ақпараттық қызметтер көрсетуде үздік үштікте бой көрсетті. Сол уақытта палата кеңесшілері 2549 азаматқа сегіз мыңнан астам консультация, 900-ге жуық бизнес иелеріне 949 сервистік қызметтерін ұсынған. Биылғы көрсеткіштер де жаман емес. Жыл басынан 1595 азаматқа 5384 рет кеңес берсе, сервистік қызмет аясында 468 кәсіпкерлік субъектісіне 593 қызмет көрсеткен. Сонымен қатар сауда, қызмет көрсету және туризм, өнеркәсіп, құрылыс, адами капиталды дамыту, агроөнеркәсіптік кешені кеңестері тұрақты 174 кәсіпкерді қамтып отыр. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық баяндады.

Палатаның жұмысын жинақтасақ, аймақ кәсіпкерлерін салық заңнамасындағы өзгерістермен ақпараттандыру мақсатында палата жанынан құрылған «Бухгалтерлер клубының» бизнес өкілдері мен салық органы мамандарының қатысуымен 7 отырыс ұйымдастырылған. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесі 10 айдың ішінде 9 отырыс өткізіп, түйткілді 11 мәселені қарады. Кеңеспен кәсіпкердің құқықтарын қалпына келтіру бойынша мемлекеттік органдарға 15 ұсыныс берілсе, оның 8-і қолдауға ие болған.

– Интерактивті инвестициялық карта бойынша бизнес субъектілер мен облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының ақпаратына сәйкес 20 инвестициялық жоба бойынша мәліметтер платформаға салынды. Бұл карта әр жобаның жүзеге асырылу кезеңін анықтауға мүмкіндік береді, – деді Пірмұхаммед Айтбайұлы.

Спикердің айтуынша, биыл кәсіпкерлерден 98 бизнесті қорғау бағытында өтініш түскен. Бұл ретте өтініштердің 30-ы оң шешімін тапты. Нәтижесінде кәсіпкерлердің 450 миллион теңгеден астам қаражаты сақталған. Бұдан бөлек «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында өткен өнімдер көрмесіне 36 тауар өндіруші қатысып, Бренд-комитетінің шешімімен 3 финалист анықталды. Олардың ішінде қарағаштан музыкалық аспаптар шығару, ешкі сүтінің өнімдері мен түйе етінен шұжық өндіру бар. Сондай-ақ «Іскерлік байланыстарды кеңейту» құралы аясында «Абай Даулет», «CTSolutions» ЖШС Германиядан, ал «Абзал и К» ТС, «Асыл Дән» ЖШС Жапония елінен бизнес-тағылымдамадан өтті.

Аймақтағы кадр қажеттілігін анықтау мақсатында 5 қаңтар мен 28 ақпан аралығында «Атамекен» ҰКП мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бірлесіп, «www.enbek.kz» сайты арқылы республика аумағында сауалнама жүргізді. Қызылорда облысы бойынша 1917 жұмыс беруші сауалнамаға қатысқан. Бұл белгіленген KPI-дан 120%-ға артық орындалған.

Бұдан бөлек облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры кәсіпкерлікті дамыту аясында қолға алынған қысқа мерзімді оқытуға тоқталып, білім беру ұйымдарын тізілімге енгізу мен шығару бойынша арнайы жұмыс тобының есепті кезеңде 5 отырысы өткенін айтты.

– Қызылорда облысы бойынша тізілімге 13 оқу орталығы енген. Оның ішінде 6 кәсіпорындардың жанындағы оқу орталығы, 6 колледж, 1 қауымдастық жанындағы оқу орталығы. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің міндетті зейнетақы жарналарының аударымдары арқылы анықталатын бітірушілердің жұмысқа орналасу үлесі 60%-дан асқан 13 оқу орталығы өткен жылы қысқа мерзімді оқу өткізуге жіберілді.

Сонымен қатар дуальды білім беру жүйесі бойынша 2190 оқушы білім алады. 2023-2024 оқу жылында 990 оқушы тәмамдады. Кәсіптік және техникалық білім беру саласында барлығы 28 колледж жұмыс істейді. Оның ішінде 17 мемлекеттік колледж болса, 11-і жеке колледж, – деді ол.

Жол картасы аясында дуальды білім беру жүйесінен бөлек интерактивті инвестициялық карта бойынша да мардымды жұмыстар атқарылған. Мәселен, жалпы құны 598,53 миллиард теңгені құрайтын 20 инвестициялық жоба бойынша мәліметтер платформаға салынған. Спикер карта әр жобаның жүзеге асырылуы қандай кезеңде екенін анықтауға мүмкіндік беретіні жөнінде де атап өтті. Оның ішінде 7 жоба іске қосылған.

Агроөнеркәсіп кешені бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы проблемалық мәселелерді шешуге арналған 7 кеңес отырысы ұйымдастырылған.

– Өзекті мәселелердің қатарында зияткерлік меншікті қорғау мәселесі де бар. Осыған орай ҚР ӘМ «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК бірлесіп кәсіпкерлер арасында тауар белгілерін, географиялық нұсқамалар мен өнеркәсіптік үлгілерді тіркеуге арналған оқыту ұйымдастырылды. Нәтижесінде өңірде өндірілетін өнімдердің ұлттық брендін қалыптастыру мақсатында «Күріш өңдеу және өндіру қауымдастығы» атынан күріштің «Элита» және «Алтын Орда» ЖШС «Қызылорда тұзы» атауымен географиялық нұсқама алу үшін «QazPatent»-ке аталған өнімдердің тіркелуіне сүйемелдеу жұмыстары жүргізіліп, географиялық көрсеткішке куәлік алды, – деп бөлісті Пірмұхаммед Сыздық.

Қорытындыласақ, ақпарат алаңында Қызылорда облысындағы кәсіпкерлікті қолдау бағытында жүзеге асқан жұмыстар таныстырылды. Байқағанымыздай өңірлік кәсіпкерлер палатасы бизнесті дамытуға қажетті сервистік және ақпараттық қызметтер ұсынып, инвестициялық жобаларды ілгерілетуде. Сондай-ақ арқылы кадр мәселесін шешіп, ұлттық брендтерді қалыптастыруға ден қойып отыр.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Жастарға өсиет

Иверхан Жұртаза (1932-2018) қоғам қайраткері, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстанның халық жазушысы

Алтын өзі тотықпайды,
Адамдардың жанын
тотықтырады.
Бір кем дүние...

***

Араны ашылған,
ашқарақ тойымсыздар –
адалдықтың қазығынан
ажырап қалғандар.
Адалдықтың қазығы –
қанағат.
Бір кем дүние – зор кем
дүние.

***

Өзгенің көлеңкесінде
тұрғанның өз көлеңкесі
болмайды. Өз көлеңкесі
болмаса – өлгені.

***

Үйқым тыныш болсын
десең, арың таза болсын.

***

Арманы сұлу адам –
тегі жаман емес. Пейілі
таза, көкірегі адал адам
ақ тілекті арманға
ұмтылады. Ұмтылған
мақсатына әйтеуір
жетеді.

Баспасөз туры

КӘСІПКЕРЛІККЕ «ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ ҚОЛДАУЫ ЖОҒАРЫ

Өткен аптада «Даму» қоры өңірде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде қаржылық қолдау шараларын таныстыруға бағытталған БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз турын ұйымдастырды.

Негізінен «Даму» қоры субсидиялау, кепілдік беру және жеңілдікті қаржыландыру құралдары арқылы шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсетеді. Субсидия құралының шарты бойынша кәсіпкерлердің несие мөлшерлемесінің бір бөлігін мемлекет «Даму» қоры арқылы өтеп береді. Нәтижесінде қарыз жүгі жеңілдеп, ай сайынғы төлемдер азаяды. Бұл «Даму» қоры жүзеге асырып жатқан субсидия құралының тиімді екенін көрсетеді. Есесіне, кәсіпкерлер несиенің төлемінен үнемдеген қаражатты кәсіпорынның дамуына жұмсай алады. Кепілдік құралы несие алу үшін банктер талап ететін кепіл болмаған кезде бизнесті ашуға немесе дамытуға мүмкіндік береді.

– «Даму» қоры ұлттық даму институты болғандықтан, Қазақстанның бар өңіріндегі шағын және орта бизнестің сапалы дамуына ықпал етіп келеді. Бұл айтарлықтай экономикалық әсер береді. Қызылорда облысында 2010-2023 жылдар аралығында мемлекеттен қолдау алған кәсіпкерлер 4 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашты, ал бюджетке түскен салық 136 млрд.теңгені құрады. 2024 жылдың басынан бастап «Даму» қоры Қызылорда облысының шағын және орта кәсіпорындарына жалпы сомасы 45,6 млрд теңгеге 1 508 жоба қолдау алды. Оның ішінде субсидиялау бағыты бойынша 29,5 млрд теңгеге 852 жоба, кепілдік беру бағыты бойынша 15,2 млрд теңгеге 582 жоба, жеңілдікпен несиелеуде 937 млн теңге сомасына 74 жоба қолдау тапты, – дейді «Даму» қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Руслан Сламхан.

Баспасөз туры аясында БАҚ өкілдері өңірдегі үш кәсіпорынның жұмысымен

танысты. Нақтыласақ, алғашқы аялдама «Dalatex» ЖШС-нің «Dalatex» тігін фабрикасы болды.

Тігін фабрикасы – 2016 жылы құрылған. Мұнда ерлер, әйелдер және балалар жейделерін, арнайы киімдері мен жұмыс костюмдерін тігіледі. Фабрика негізінен Қазақстан мен Ресей аумағында арнайы киімдер мен жейделер шығарады. Ал қажетті шикізат Түркия елінен сатып алынады. Негізінен тұрақты тапсырыс берушілер – ІІМ, МКК, «Самұрық-Қазына Девелопмент», «Қазақтелеком» АҚ, сондай-ақ көптеген жергілікті, мемлекеттік органдар.

Цех кәсібін одан әрі кеңейту, жаңа ғимарат сатып алу мақсатында «Даму» қорының субсидияланған пайыздық мөлшерлемесімен «ForteBank» АҚ арқылы несие алған.

Баспасөз туры «Жан-Арай» көпсалалы агроиндустриялық кешенінде жалғасын тапты. «Жан-Арай» компаниясы жарма өндіру, майлы және жемшөп дақылдарын, жүзім, анар және сүйекті жемістер өсірумен айналысады. Сондай-ақ күріш, түйіршіктелген құрама жем және жемістер шығарады.

Тәулігіне 80 тонна құрама жем шығаратын зауыт пен сағатына 12 тонна күріш өңдейтін зауыт 2015 жылы өз жұмысын бастады. Барлық қажетті жабдықтар Германия мемлекетінен жеткізілді. Қызылорда қаласындағы «Жан-Арай» кешенінің құрамына күріш өңдеу зауыты мен құрама жем шығаратын кәсіпорын, көтерме-тарату орталығы, қоймалар, 300 орындық мейрамхана, қонақ үй және басқа да нысандар кіреді.

Жалпы, «Жан-Арай» компаниясы бақшаларды тамшылатып суару арқылы өсіреді. Алдағы уақытта мұны бірнеше есе көбейтуді жоспарлап отырған көрінеді.

Қазір біз айтып отырған кешеннен бөлек «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының бойында орналасқан «Жан-Арай» көпсалалы агроиндустриялық кешені бар. Кешеннің аумағы кең. Нақтыласақ, қонақ үй, 1 500 тонналық көкөніс қоймасы, 300 орындық мейрамхана, алма бағы, қойма және шипажайы бар.

2023 жылы жұмысын бастаған шипажай – 200 келушіні еркін қабылдай алады. Мұнда демалушыларға да жағдай жасалған. Яғни ем алуы мен қалпына келтіру мүмкіндіктері қарастырылған. Ал шикізатқа айналым қаражатын толықтыру мақсатында компания «Қазақстан Халық банкі» АҚ-нан несие алды. Бұл жолы да пайыздық мөлшерлемені «Даму» қоры субсидиялап отыр.

Компанияның басқа да табысты жүзеге асқан жобалары бар. Көптеген жылдар бойы «Даму» қорының қолдау құралдарын пайдалану арқылы инвестиция және айналым қаражатын толықтыру секілді жобалар шешімін тапқан.

Иә, кәсіпті бастау оңай. Бірақ оны әрі қарай дөңгелетіп әкету екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Ал мұндайда түрлі бағытта қолдау жасайтын «Даму» қорының еңбегі орасан зор екені анық.

«АЖ» ақпарат

Басы 1-бетте

ТОҚТА, БАЛА, ШЕТ ТІЛДЕ ШҰЛДІРЛЕМЕ

Жастар тілді құрмейттей ме?

Иә, бүгінде әлеуметтік желінің белсенді қолданушылары деп жастарды атасақ қателеспейміз. Ал жастар – қоғамның маңызды бөлігі. Ертеңімізді жалғастыратын «күш» десек болады. Десек те олар ұлттық құндылығы жоғары тілді құрметтеп жүр ме? Өзекті мәселе осы.

Қазақ тілінде қате айтылып жүрген бірнеше сөз бар. Мәселен, «күйеу» сөзін бұрмалап жазып жүргендер көп. «Күеу», «киеу», тіпті естіген құлаққа күлкілі нұсқадағы жазбалар әлеуметтік желілерде таралып жүр. Өкінішке қарай, «ренжу», «қиын», «қояйын» секілді қарапайым сөздерін жазғанда да ағаттық жіберетіндердің саны аз емес.

«Заманауи» сөздік

Сіздерге қолданысқа еніп кеткен ғаламтор сөздігін ұсынайық. Олардың көбі шетел тілінен аударылмай, тура айтылуы бойынша ауызекі әдебиеттің лексиконын толықтырып тұр. Алдымен шетел сөздеріне шолу жасасақ.

«Трэш» (ағылшынша «trash») – тікелей аудармасы «қоқыс» дегенді білдіретін бұл сөз күнделікті өмірде мүлде өзге мағынада қолданылып жүр. Әдетте бұл сөз таңғаларлық немесе күтпеген оқиға орын алғанда пайдаланылады, негативті ұғымды білдіреді.

«Краш немесе крашиха» (ағылшынша «crush») – қолданыстағы мәні «сымбатты, келбетті» дегенді білдірсе, жалпы аудармасы «сындыру, апат». Бұл сөз адамның түріне сипаттама беру үшін ауызекі әдебиетте жиі кездеседі.

«Пикми» (ағылшынша «pick me») – тура мағынасында «мені таңда» дегенді білдіретін бұл сөз жастар арасында күлкілі мағынада қолданылады. Жалпы айтқанда «еркелеу, балаша сөйлеу» деген ұғымда пайдаланылады.

«Кринж» (ағылшынша «cringe») – ұят дегенді білдіретін бұл сөз ыңғайсыз жағдайға түскен адамның көңіл-күйін сипаттайды. «Tiktok» әлеуметтік желі платформасында ол сөз кеңінен қолданысқа еніп, еліміздің кез келген өңірінде айрықша танымал десек болады. Бұдан бөлек «имба», «ROFL», «hate», «toxic», «abuse», «death inside», «chill», «vibe», «fail» және тағы да бірнеше шетел тілінен енген сөздер тізбегі бұл қатарды жалғастыра алады. Тіпті қазақ тілі де бұрмаланып, мағынасыз сөз тізбектері санамызды улады.

«Заманаули» – Tiktok әлеуметтік желісінде «хит» болған сөз Ақмаржан есімді платформа қолданушысының арқасында көпке танылды. Қазақ тілінде бұрмаланған бұл сөзді кейбір жан дұрыс деп ойлап та жүрген көрінеді. Алайда қатесіз нұсқасы «заманауи» екенін біліп жүріңіз.

«Шәтелесу» – сөйлеуден жаңылып жүрген жандардың «қателесу, ағаттық жасау» деген сөзін қате өзгертуден туындаған тағы да бір трендтегі ұғым. «Айландырып» – дұрыс мағынасында «айналдырып» дегенді білдіреді.

Аймақтағы тіл ахуалы қандай?

Ел көлемінде қазақшаны жетік білетін облыстар қатарында Қызылорда көш басында тұр. Бұл деректі ешкім жоққа шығармас, себебі бұл көзге көрініп тұрған шындық. Дегенмен тілді білсек те, жіберіп жүрген қателіктердің көптігін жасыра алмаймыз. Өңірдегі қазақ тіліне қатысты мәселені білу үшін қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі, тіл маманы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Болат Боранбаймен тілдескен едік.

– Ахмет Байтұрынов араб қаріпімен қазақ әліпбиін құрау барысында ең алғаш «қазақ тілінде неше дыбыс бар?» мәселесін көтерді. Ол 9 дауысты дыбыс, 17-19 дауыссыз, яғни барлығы 28 дыбыс. Оның ішінде «а», «ә», «ы», «і», «ұ», «ү», «о», «ө» әріптеріне бір-бір таңбадан берді, олардың жуан-жіңішкелігін дәйекшелер арқылы ажырататты. Бұдан туатын қорытынды, қазақтар бұрын сөзді қалай естісе, солай жазатын еді. Ал әріп пен жазу – сөйлеуге ықпал ететін маңызды құндылықтар екенін білгеніміз жөн.

Мемлекеттік тіл мәселесіне тоқталалатын болсақ, көбіне әлеуметтік желіде көтеріліп жүрген тақырыптарға ойысып кете береміз. Яғни орысша сөйлеу, қазақ тілінің

мәртебесі деген секілді ойларды алға тартамыз. Сыр өңірінде қазақша сөйлеуге қатысты мәселе жоқ, алайда қалай сөйлеуге қатысты «әттегенай» дейтін кезіміз аз емес. Мәселен, сөйлемді дұрыс құрау, дұрыс оқу мен жазуға қатысты кемшін тұстар бар. Қазіргі қазақ тілінде көп кездесетін мәселе – жазылу мен айтылым арасындағы алшақтық. Бұл түйткілді шешу үшін 42 әріпті 28 әріпке дейін азайту керек.

Сондай-ақ мәдени-рухани дамуды қалыптастыру маңызды. Ол үшін кітап оқып, қазақ әдебиетіндегі беткеұстар туындыларды әрбір жас жіті білсе екен деймін. Театр өнері мен қазақтың дәстүрлі өнеріне бет бұруға да тырысқанымыз жөн. Өзге тілден қолданысқа енген сөздерді барынша қазақша аударып, тілге деген немқұрайлылықты жою керек, – дейді тіл маманы Болат Боранбай.

«Тәрбие – тал бесіктен»

Жоғарыда көрсеткен сөздер қате айтылып жүргендерінің тек бір бөлігі ғана. Алайда біз білмейтіні қаншама? Әрине, өзге тілді білу және оны күнделікті өмірде қолдану – талант. Алайда енді ғана тіл бітіп келе жатқан сәбилердің сөйлеуіне бұл кері әсерін тигізіп отырғанын жасыруға болмайды.

– Заманауи гаджеттер жоқ кезде, балалар жалаң аяқ топырақ басып, ағашқа өрмелеп көп ойнайтын. Ал қазір ата-ана баланы төрт қабырғаның ішінде қамап ұстайды, үйдегі заттарды көруге қызығушылық танытса, «шашуға немесе шулауға болмайды» деп қолынан бәрін тартып алып, баланы теледидардың алдына отырғызып қояды. Балаға шамадан тыс шектеу қойылғандықтан, оның дамуы кешігеді. Егер отбасы көпқабатты тұрғын үйде тұратын болса, ата-анасы бос уақытында баланың ұсақ және ірі маторикасын дамытуға тырысуы қажет. Тіпті мүлде мүмкіндік болмаса, қарапайым макаронды майдалап, оны саусақ, алақанына тигізуі қажет. Сөйлемейтін баланың сөздері оның саусақтарының ұшында тұрады. Сондықтан баланың саусақтарын уқалап тұру керек, – дейді логопед-дефектолог Меруерт Баймұратқызы.

Қазір баланың тәрбиесіне аса мән беру керек. Кезінде әлі жетілмеген сәбидің қолына гаджет ұстатып, есейгенде ол баладан маңызды дүниені талап ету нағыз көзбояушылық деп есептемейсіз бе? «Бала шуламасын» деп мультфильм қосып, қонақ келгенде «жағаласпасын» деп ұялы телефонды қолына ұстатып, «қатарынан қалмасын» деп ноутбукты да алып беретін өзіміз. Нәтижесінде «рухани кедей» тұлғаны қолдан жасайды екенбіз. Күндіз-түні гаджетке телмірген баланың рухани дамуы былай тұрсын, қайбір денсаулығы, ойлау қабілеті мен миының жұмысы мықты болсын?! Гаджет бұрын бейтаныс, қолжетімсіз еді. Ол кездегі балалар да ойынқұмар, шымыр болатын. Ал қазіргі жасөспірімді үйден шығару да мәселе.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»

Сөйлеу мәдениеті дұрыс қалыптаспаған жеткіншектердің коммуникациядағы қабілеті төмен болады. Ал бұл оның тұлғаның дамуындағы маңызды аспектілердің бірі. Сондай-ақ тіл тазалығы кез келген ортада жоғары бағаланатын дүние. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры» демекші, тіл тазалығы ұлт келешегіне тұтастай ықпал етеді. Мемлекеттік тілдің сөзін сөйлеп, оның абыройын асқақтату туралы ұрандата беруге болады. Алайда өзіміз болып өрескел қателіктерге жол бермеуіміз керек.

Сауаттылық пен тілдік мәдениет – адамның тұлғалық және кәсіби дамуының ажырамас бөлігі. Ол тек білім көрсеткіші емес, сонымен бірге адамның ішкі тәртібі мен өзінөзі дамытуға деген ұмтылысының белгісі. Сол себепті сауаттылықты үнемі арттырып, тілдік тазалықты сақтағанымыз абзал. Себебі бұл жердегі әңгіме тек тұлғалық дамуды ғана емес, сонымен қатар тұтас елдің тарихы мен ұлттық құндылықтарын қамтиды.

Нұршат НЫШАНОВА

Ұстаз – ұлт болашағын тәрбиелейтін ағартушы тұлға. Ұлылықты ұлықтайтын білім саласының мамандарының еңбегі қашан да жоғары бағаланады. Жуырда мұғалімдер үшін Астанада ұйымдастырылған «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының финалистері анықталды. Маңдайалды мамандардың қатарында Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Гүлзат Шынтасова мен Жадыра Ажибаева да бар. Ұстаздықтың туын желбіреткен жандар Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

СЫР ЕЛІНІҢ ҰСТАЗЫ «ӘЛЕМ МҰҒАЛІМІ» СЫЙЛЫҒЫНА ҮМІТКЕР

Қазақстанның барлық өңірінен 2200-ден астам мұғалім отандық байқауға қатысуға өтініш білдірді. Байқау қорытындысы бойынша 50 финалист анықталып, олардың ішінен ең үздік 10 педагог таңдалды. Сол үздіктердің қатарында сырбойылық ұстаз Гүлзат Шынтасова да бар. Ол марапат төріне шығып, алғашқы болып құрметке ие болды. Қаржылай сыйақы мен «Әлем мұғалімі» байқауына жолдаманы оған Global Teacher Prize жаһандық сыйлығының 2023 жылғы жеңімпазы, пакистандық Зеф ханым табыстады.

– Шара әлемнің түкпір-түкпірінен мұғалімдер, ғалымдар мен сарапшылардың басын қосқан Nobel Fest & Teacher Summit білім беру форумы аясында болды. Бұл сыйлық – Varkey Foundation-мен бекітілген Global Teacher Prize халықаралық байқауының қазақстандық кезеңі. 1 млн АҚШ доллары көлеміндегі бас жүлде білімге қосқан үлесі үшін әлемнің үздік мұғалімдеріне беріледі, – деді Гүлзат Бурабайқызы.

Байқауға Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жадыра Ажибаева да қатысып, үздік 50 ұстаздың қатарынан табылды.

– Бұл байқауда мұғалімдер жоғары академиялық жетістіктерін, білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлестерін көрсетіп, азаматтық белсенділігі мен маңызды әлеуметтік жобалары арқылы қоғамға пайдалы жұмыстарымен бөлісті, – деді Жадыра Ажибаева.

«Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығы ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыруға, қоғамда педагог мамандығының беделін көтеруге және білім беру сапасын жақсартуға септігін тигізетін бірден бір марапат. Байқау ұстаздарды жаңа әдіс-тәсілдер енгізуге, шығармашылыққа және үздіксіз дамуға ынталандырады. Бұл сыйлық халықаралық аренада еліміздің білім саласын танытып, педагогтардың жаһандық тәжірибемен алмасуына мүмкіндік береді. Мұндай бастамалар ұстаздардың еңбегіне деген құрметті арттырып, жас мамандарға шабыт сыйлайтыны анық.

«АЖ» ақпарат

ОТБАСЫ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Отбасы – қоғамның маңызды бірлігі. Оның берік негізі – өзара түсіністік, сүйіспеншілік, құрмет, және адалдық сияқты құндылықтарға негізделген. Бірақ кей жағдайда отбасы ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін отбасы құндылықтарын нығайтып, құқықтық, психологиялық және әлеуметтік шараларды қабылдау өте маңызды. Осы тақырып аясында арнайы сала мамандарының қатысуымен Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы өтті.

Өткен жылдан бері аталған тақырып төңірегінде көптеген мәселе көтеріліп, оң шешімін тауып келеді.

– Зорлық-зомбылық – бір қоғамның немесе жеке мемлекеттің ғана емес, бүкіл әлем елдерінің басты мәселесіне айналған сұрақ. Себебі, отбасында жасалатын зорлық-зомбылық қоғам мен жеке адамның қауіпсіздігіне, тікелей әсер етеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері үшін құқық бұзушыларға жаза бірнеше рет қатаңдатылды. Қазір Полиция жәбірленушінің арызынсыз құқық бұзушылықтың жасалу фактісі бойынша әкімшілік іс қозғайды. Сотта татуласуға бір-ақ рет мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ, сот шешімімен берілетін жазалардың санкциясы 5 тәуліктен 25 тәулікке дейін ұзартылды. Облыс бойынша полицияға келіп түсетін шағымдар мен қоңыраулардың саны төмендеді, – деді Қызылорда облысы ПД Жергілікті полиция басқармасы бастығының орынбасары Рауан Альдешов.

Соңғы жылдар ішінде осы салада заңнамалық өзгерістерден бөлек басқа да бірқатар шаралар іске асырылды.

– «Неке және отбасы» кодексіне сәйкес жергілікті жерлерде отбасын қолдау орталықтарын ашу туралы нормалары мен қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілді. Аталған орталықтар облыс әкімінің қолдауымен 2023 жылы Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен барлық аудандарда ашылып өз қызметін көрсетуде. Бұл орталықтар отбасының цифрлық картасы негізінде дағдарыс жағдайындағы отбасыларды қолайлы санаттарға ауыстыру бойынша жұмыстарды жүзеге асыруда. Жыл басынан бері 6 мыңға жуық адамға түрлі бағыттағы қолдау көрсетілді, – дейді Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Ибраева.

2017 жылдан бастап облыс орталығында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнайы әлеуметтік қызметтер ұсынатын «Қамқорлық» орталығы қызмет атқарып келеді.

– Елімізде «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн акциясы» өтіп жатыр. Акцияның мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жолын кесуі. Осы 16 күн ішінде әйелдерге және балаларға қатысты қысымды болдырмаудың жолын іздеп, отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Мемлекеттің қабылдап жатқан шаралары туралы халыққа кеңінен хабардар ету мақсатында жергілікті тұрғындарға кеңінен түсіндіріледі. «Қамқорлық» орталығы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қолданыстағы стандартқа сәйкес орталықта 8 бағыт бойынша қызмет көрсетіледі. Тоқсан сайын орталықтан қызмет алушыларға және қызмет алып шыққандарға мониторинг жасалады. Жыл басынан барлығы 184 адам қызмет алған. Қазір орталықта 8 ана, 29 бала барлығы 37 адам бар, – деді «Қамқорлық» дағдарыс орталығының директоры Жандос Тұсмағамбетов.

Зорлық-зомбылықтың кез келген түрі қылмыс және оған төзбеушілік көзқарас қалыптастыру кез келген қоғам мүшесінің міндеті.

Қорлан САРЫ

Басы 1-бетте

• БІЗДІҢ БАЛА...

ШЕТЕЛДЕ ҚАНАТ ЖАЙҒАН

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЖАСТАР

Ал Жауқазын Қазыбекқызы Кангнам университетіндегі оқу үдерісі өте қарқынды екенін айтты.

− Студенттердің өзіндік жұмыс істеуі басымырақ, ал практикалық тапсырмаларға үлкен мән береді. Оқытушылардың студенттермен жеке жұмыс істеу деңгейі де

жоғары. Бұл Қазақстандағы дәстүрлі лекциялар мен семинарларға қарағанда өзгеше, − деді ол.

Бәсекелестік даму мен алға жылжуға күш беретіні сөзсіз. Кейіпкерлердің айтуынша, студенттер арасында бәкелестік жақсы баға үшін жүреді. Ал мәдениеті тым бөлек.

− Кез келген затқа адамдар кезекке тұрады. Мәселен қоғамдық көлікке мінуге немесе қандай зат сатып алса да кезекті күтесіз. Дүкендер 24/7 жұмыс істейді. Ал түнгі уақытта немесе демалыс күндерінде сатушы болмағанның өзінде тұтынушылар тағам сатып алып, микротолқынды пешті де қолдана алады. Сеулде кез келген күні қызықты іс-шара ұйымдастырылады, − деді Айгерім Менлібек.

− Бірінші кезекте тілдік бейімделу туралы айтар едім. Себебі мұнда көп адам ағылшынша білмейді. Ал кейде біздің корей тілінде сөйлеу деңгейміз жетпей қалады. Сол үшін үнемі аудармашының көмегіне жүгінуге тура келетін еді.

Одан бөлек егер сіз ашы тағамдарды жемейтін адамдардың қатарында болсаңыз, тамаққа тапсырыс бергенде анықтап ескертуге кеңес беремін. Себебі мұндағы тағамдардың ащылығы сіз жей алмайтын деңгейде болуы мүмкін. Сондай-ақ достар табамын деген ниетіңіз болса, онда бұл жақта адамдардың қарым-қатынасқа өте сезімтал қарайтынын ескеріп, абай болуыңыз керек. Корейлердің көбі өздері алғашқы қадамды жасай бермейді. Өйткені ділдерінде адамның жеке шекарасын құрметтеу маңызды саналады.

Қоғамдық тәртіп өте жоғары деңгейде. Автобус, метроға мінгенде міндетті түрде транспорттың номеріне кезекке тұрып күтесіз. Автобуста қанша орын бос сонша адам ғана мініп, қалғаны келесі қоғамдық көлікті тосады.

Корей халқы көмекке дайын тұратын мейірімді халық екенін де байқатты. Біз алғаш келгенде картадан көп қателесетінбіз. Сонда көмек сұрасақ жолымызда кездескен әр адам бағытымызды түсіндіріп, тіпті жақын жер болса апарып тастайтын, − деді Жауқазын Қазыбекқызы.

Кейіпкерлеріміз әңгіме барысында бағдарламаның артықшылықтары мен кемшіліктеріне де тоқталды.

− Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы мен шет елде өмір сүру қалай болатынын түсіндім. Бағдарламаның артықшылығы – басқа елден білім алу мүмкіндігі, өз білімінді Қазақстанда жоқ ақпаратпен кеңейту. Ал кемшіліктерін байқамадым.

Осы елде мен игеріп жатқан мамандығым бойынша екі тілді де үнемі қолдану үстіндемін. Білім сапасы бойынша үздіктердің қатарындағы елде оқып, шебер ұстаздардан өзіме сабақ алып жүргеніме қуаныштымын. Бұл менің болашақ жұмысыма деген үлкен қадамның бірі деп санаймын, − деді Айгерім Менлібек.

– Иә, артықшылығы деп жаңа біліммен қоса, өзге елдің мәдениетін, өмір сүру салты мен түрлі студенттермен тіл табысу, коммуникация арқылы тәжірибе жинауды айтар едім.

Болашақ маман ретінде біліктілігімді, шеберлігімді арттыруға мүмкіндік алдым. Оның ішінде өзге елдің білім беру бағдарламасымен танысып, корей тілін жетік меңгерген халықпен үнемін байланыста болу тілді үйрену процесін жеделдетті. Сонымен қатар Кангнам университетіндегі студенттерінен үлгі алып, олар сияқты уақыттың көп бөлігін білім алуға арнауға бейімделдім.

Корей елінде академиялық ұтқырлық арқылы бірнеше маңызды дағдыны меңгердім. Біріншіден, жаңа мәдениетке бейімделу және әртүрлі мәдениет арасындағы айырмашылықтарды жақсы түсіну дағдысы. Сонымен қатар корей тілін оқып, оны күнделікті өмірде қолдану қабілетін дамытып жатырмын. Академиялық тұрғыдан алғанда, Кореядағы оқу жүйесі маған өзіндік зерттеу, уақытты басқару және креативті жобаларды дайындауды үйретті, − дейді Жауқазын Қазыбекқызы.

ЕУРОПАҒА ҚАДАМ: БЕЛЬГИЯҒА АЯҚ БАСҚАНДАР

Ал Еуропа елдеріндегі білім жөнінде Мадияр Дузумбайұлымен әңгімелестік. Бельгияда білім алып жүрген ол әсерімен бөлісіп, Ховест университетіндегі білім беру әдістемесін ерекше атап өтті.

− Мұнда ұстаздар студенттермен еркін қарым-қатынаста жұмыс істейді. Бұл, әрине, бізді ынталандыра түседі. Сабақ барысында тек білім емес, әртүрлі елдердің мәдениеті мен тәжірибесін де үйренеміз. Қазақстанға қайтқанда осындай ортадан ажырау қиын болары анық. Шетелде елімізді барынша танытқымыз келеді. Сондықтан туымызды арқалап, басқа ел азаматтарына сыйға тартып жүрміз.

Сондай-ақ Бельгияның инфрақұрылымы ерекше. Ел аумағы Қазақстанға қарағанда әлдеқайда шағын болғандықтан, кез келген қалаға оңай және арзан бағамен барып келуге болады.

Жақында ғана Францияның Лилль қаласына барып қайттық, − деді білім алушы.

Айта кетейік, Мадияр Дузумбайұлы «Erasmus+» халықаралық кредиттік ұтқырлық бағдарламасымен білім алуда. Бұл бағдарлама – білім беру мен мәдени алмасудың халықаралық көпірі. 1987 жылы Еуропалық Кеңес іске қосқан жоба әлемде ерекше танымал жобаның біріне айналды. Себебі оқимын, көремін, ізденемін деген студенттер мен оқытушыларға түрлі жәрдемақылар мен шетелдік ЖОО-да тәжірибе алмасу қарастырылған. Ал ең танымал бағыты «Erasmus+» аясында әр қатысушы жаңа дағды қалыптастырып, кәсіби деңгейін арттырады.

Биылғы оқу жылында Бельгияға Ерсайын Абадатдинұлы да барды. Ол да Қазақстан мен Еуропа арасындағы байланысты нығайту бағытына үлес қосатын «Erasmus+» бағдарламасының қатысушысы.

– Бельгиядағы оқудың басты артықшылығы – білім сапасы мен жаңа мүмкіндіктер. Жат ел жылы қабылдап әрі қонақжайлылығын танытты. Қызметкерлер кез келген сұраққа жауап беріп, көмек көрсетуге дайын тұрады. Алғашқы аптада жаңа ортаға бейімделіп, сабақтардың орналасқан жерін анықтап, күнделікті қажеттіліктерге дұрыс шығындалуды үйрендік. Бельгия көшелерінде 18 ғасырда құрылған ғимараттардың қазіргі заман стилімен үйлесуі ерекше әсер қалдырды, − деді кейіпкеріміз.

Алғашқы дүкен аралау сәті де таңғалдырарлық болған. Ерсайын азық-түлікті еуромен сатып алып, Қазақстандағы бағалармен салыстырып көрген. Сонымен қатар жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас жасау оңай әрі жағымды болғанын, олардың ағылшын тілін жақсы меңгергенін әрі жылы шыраймен қарсы алғанын ерекше атап өтті.

− Мен үшін қуанышты сәттердің бірі – Алматыдан келген қазақ жігіті Аленді кездестіруім болды. Екеуіміз бір топқа түстік. Туған жерді сағынғанда қазақша ән шырқап, сағынышымызды басамыз. Отанымды сағындым. Ең қиыны шетелде біздің ұлттық тағамдардың жоқтығы. Басқасы басқа, туған жердің тағамын, дәмін ештеңе алмастыра алмайды екен, − деп әңгімесін аяқтады.

Сонымен қатар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Есеп және аудит» мамандығының студенті Амина Лаубаева Бельгияда білім алу арқылы оқу тәжірибесін кәсіби және тұлғалық тұрғыдан дамытуға мүмкіндік алғанын айтты.

− Бельгияда оқу маған тек білім алып қана қоймай, мүлдем жаңа тақырыптарды меңгеруге мүмкіндік берді. Мұнда алған білім елімізде әлі де толық зерттелмеген салаларды дамытуға септігін тигізеді. Шетелде білім алу академиялық жетістікке ғана емес, елге пайдалы жаңашыл ойлар мен жобаларды енгізуге де ықпал етеді. Мұндағы сабақ дәріске қатысумен, кітап оқумен шектелмейді. Әлемнің түпкір-түпкірінен келген студенттермен достасып, олардың мәдениеті мен салт-дәстүрін жақыннан тануға мүмкіндік берді. Шетелдік студенттермен өткізген әр уақытты білім мен мәдени айырмашылықтармен алмасу деп есептеймін. Мен олардың әдет-ғұрыптары мен климаттық ерекшеліктері жайлы білсем, олар біздің Қазақстанның дәстүрлерімен танысады, – дейді Амина.

Кейіпкеріміз шетелде оқу арқылы кәсіби дағдыларын жетілдіріп, дүниетанымын кеңейткенін атап өтті.

− Мұнда мәселелерді шешудің тың әрі жаңашыл әдістері ұсынылады. Бұл менің кәсіби қабілеттерімді одан әрі шыңдай түседі.

Сабақтан тыс уақытта Бельгия университеттері студенттерге мәдени іс-шараларға белсенді қатысуға жағдай жасайды. Музей мен театрларда іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Ал саяхаттау арқылы Еуропа мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз. Тұрақты даму және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану идеялары дүниетанымымды жаңа қырынан толықтырды.

«Erasmus+» халықаралық бағдарламасы арқылы оқу, тұру және сақтандыру шығындарының өтелуін кәсіби өсу мен жеке дамуға жасалған үлкен қадам деп есептеймін. Мен үшін оқу әрдайым бірінші орында. Жеке дамуға, жаңа білім мен тәжірибе жинақтауға үнемі құштармын.

Бельгия – жаңа ел, жаңа мәдениет, жаңа көзқарас және бұл тәжірибе

менің санамды кеңейтті. Шетелде алған білімімді болашақта ел игілігіне жаратсам деймін, − деп әңгімесін қорытындылады Амина Лаубаева.

Шетелде оқу – ерік-жігерді, қажырлы еңбекті және үздіксіз ізденісті талап ететін күрделі, бірақ құнды тәжірибе. Мұны түсінген қызылордалық «біздің балалар» жат жерде білім алудың қиындықтары мен сынақтарына мойымай, өздерінің қабілеттері мен дағдыларын жетілдіруде. Себебі білім – болашаққа жасалған ең маңызды инвестиция.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Жер бетіндегі ең алғашқы ақын қай жыныстың өкілі? Ер ме, әйел ме? Нақты шешімін таппаған бұл сұрақ талайды толғандырған тақырыпқа айналғалы қай заман.

Ең алғашқы ақынның әйел немесе ер адам болғаны туралы нақты дерек жоқтың қасы, себебі бұл сұрақ адамзат тарихының ең алғашқы кезеңдеріне сай және жазбаша деректердің болмауына байланысты нақты дәлелденбеген.

ӘЙЕЛДЕН ақын шыға ма?

ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВ

«Үйренем қазір мен одан,
Бір мін жоқ, шіркін, жырында.
Ақын қыз!» – деді сері ағам,
Сұлу қыз еді ол, шынында.

Күтпеген жерден шықты егес,
Әңгіме қызға ауғанда.
– Әрине, – дедім, – мықты емес,
Әдемі бірақ, дау бар ма?

Қанша рет өстіп шатылдық,
Мейлі, аға, мені тентек де.
Пайғамбарлық пен Ақындық
Бұйырған бастан еркекке.

Демеймін сізді құптайды,
Расы – бәрі далбаса.
Әйелден ақын шықпайды,
Биші не күйші болмаса.

Жоқ жерден пәле табатын,
Күндерім менің, күндерім.
– Феодалсың! – деді шал ақын,
– Атама тартқам, шын, – дедім.

Сейілді кейін бар өкпе,
Үйіріп алған не мені.
Әйелдер жеңсе, әдетте,
Тек сүйіп қана жеңеді.

Білмейміз әйел затын біз,
Өтеміз білмей өмірден.
– Мықтысың! – деді ақын қыз,
– О, мұның рас, – дедім мен.

Жылытады әйел сыздарды,
Шуағын шашып төбеңнен.
Өлең жазатын қыздарды
Аяймын іштей, дегенмен.



Алайда ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, ежелгі Месопотамиядағы алғашқы ақын – Энхедуанна есімді әйел. Б.з.д. XXIII ғасырда өмір сүрген Энхедуанна – тарихта аты қалған ең алғашқы ақын ретінде белгілі. Ол Аккад билеушісі Саргонның қызы. Энхедуанна әкесі билік құрған жылдары шумер өркениетінің діни жырларын, ғибадатхана гимндерін тасқа қашап жазған. Ғалымдар бұл таңбалы тастарды зерттеу барысында шығарманың соңына авторлық қолтаңба қоюды ең алғаш болып Энхедуанна бастады деген тұжырымға келген. Оның шығармалары ежелгі Месопотамияның мәдени мұрасы ретінде әлі күнге дейін сақталып келеді. Ал ерлер арасындағы алғашқы ақындар дегенде ежелгі грек поэзиясында Гомердің есімі аталады. Дегенмен Энхедуанна одан бірнеше мың жыл бұрын өмір сүргенін қаперіңізге саламыз.

Есенғали Раушановтың «Әйелден ақын шықпайды, биші не күйші болмаса...» деп келетін өлең жолдары поэзия сүйер қауымға жақсы таныс. Бұл тармақтар өлең әлеміндегі ерлер мен әйелдер арасында әлі күнге дейін дау тудыратыны өтірік емес. Әйтсе де Есенғали ақын өз сөзінде екі бірдей өлеңіне түсінік бермейтінін айтқан. Бірі «Қара бауыр қасқалдақ» жыры болса, екіншісі дәл осы «Әйелден ақын шықпайды» атты өлеңі. Оқырманның ойы осы тұста екіге бөлінеді. Бірі бұл өлеңді гендерлік кемсіту деп тапса, ал енді бірі «қылдан нәзік қыз жанын аяған соң туған жыр, өйткені өлең үлкен рухты қажет етеді» деп бағамдаған. Дегенмен ер азаматтар жазған жырдың барлығынан бірдей рух көре аламыз ба? Ал, Фариза мен Ақұштап апаларымыздың рухты жырларын қайда қоямыз?

Аталған өлеңге ақын Асылзат Арыстанбектің жауап ретінде жазған жыры поэзиядағы бұрымдылар қауымын қайрағандай болды.

«Бишіліктен бақытыңды табасың»,
Енді бұлай демессің.
Өйткені сен де АҚЫН ғанасың,
Құдай емессің! – дейді ол. Кейінгі жазған туындысында да дәл осы ойға тағы бір тоқталды. Бұл жолғы жырдан ер азаматтарға деген реніш пен кек барын байқау қиын емес.

Әйелден ақын шықпайды деп,
Әлсіздер жылап-сықтайды деп,
Еркектің ығын ықтайды деп,
Өлсе де өрлік жұқпайды деп,
Жүрсіңдер-ау,
Көрерсіңдер әлі! – деп өреді ол өлеңін.

Ал ақын Жанна Елеусіз «Ойы озып кеткен қарындасына өкпелеп, бір ағам айтса кешірер едім. Бірақ бүтіндей әйел баласына бұлай баға беру жігіттерге жараса қоймас. Жалпы, қазақ қыз баласын қадірлеп, көкке көтере отырып, «жат жұрттық» деп қарадай безініп, «қатын ашуланса, қазан қайнатады» деп сылқ еткізіп, көктен жерге түсіре салатын тамаша, парадоксы мол халық қой» дейді кезекті сұхбатында.

Есенғали Раушановтың аталған өлеңіне қарсылық танытып, қалам тербегендер қатарында қыз-қырқын, әйелдерден бөлек ер азаматтар да бой көрсетті. 2013 жылы Жолтай Жұматтың сайт беттерінде жарық көрген «Ару-ақындарға бас ию» атты эссе-мақаласында бала күнгі досы Есенғали Раушановтың жоғарыда аталған өлеңін сынға алған болатын. Мақала мазмұны ақынның Астанада өткен 50 жас мерейтойындағы оқиғадан бастау алып, аяулы аналар шырқаған бесік жырына тоқталады. Әрі қарай Төлегеннің Марфуғаға жазған жырын, Мұқағалидың Фаризаға шаққан мұңын тарқата отырып, бұл өлеңдерді ақын аруларды мойындауға балаған.

Араға бір ай уақыт салып, дәл осы сайтта Есенғали Раушановтың сұхбаты жарық көрді. Онда ақын өзі атап өткендей қос бірдей өлеңіне түсінік бермейтінін қадап айтты:

– Мен екі өлеңге түсінік бермеймін. Бірі – «Қара бауыр қасқалдақ», екіншісі – «Әйелден ақын шықпайды». Бірақ менің Жолтай Жұмат деген досым да, танысым да жоқ. Болған да емес. Бала кезде тіпті де болған емес. Әдебиетте ондай атты естімеппін де. Бәлкім, Жұмат Тілепов шығар, сондай ғалым бар, ҚазҰУ-де сабақ береді. Бірақ ол өзі де кезінде өлең жазған, поэзияны бір адамдай түсінетін кісі. Жаңағыдай «әйелді қорлады» деген қылмыстық іс қозғауға дайындалған жандармериялық тұжырымды процессуалдық факт тұрғысынан ол айтпайды. Жоқ, білмеймін. Бәлкім, біреудің псевдонимі шығар, ондай-ондай болады. «Ағайыны едім, досы едім, бірге өсіп едік, бірге ішіп едік» дейтіндерді естіп жатамын, бірақ шыным сол, солардың көбі білмейтін кісілерім боп шығады. Қалай болғанда да, сіз оған айтыңыз, эссе жазса рақмет, сынаса да рақмет, қорлау десе де рақмет. Бірақ түсінігі бағанағы Айсекеңнің түсінігі секілді ондай Жолтай, Балтайларды оқуға уақытым жоқ, уақытым болса да оқымаймын, – деп түйіндеді ол.

Иә, қазақ әдебиетіндегі гендерлік мәселелерді зерттеу арқылы қазақ қоғамының дамуын, мәдени ерекшелігін тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз.

Мәселен қазақ әдебиетінің ерте кезеңінде ер мен әйелдің рөлдері көбінесе патриархалды қоғамның талаптарына сәйкес сипатталды. Батырлар жыры мен тарихи дастандарда, мысалы Қобыланды, Алпамыс секілді батырлар арқылы ерлер қауымы қайсарлықтың, ұлттың қорғаны ретінде сипатталса, хандар мен билер биліктің символы ретінде суреттеледі. Олардың бейнесі ер азаматқа тән мінсіз қасиеттерді көрсетуге бағытталған.

Ал әйел образы әдетте отбасының берекесі мен тәрбиенің бастауы ретінде суреттеледі. Қыз Жібек, Баян Сұлу сынды кейіпкерлер сұлулық пен нәзіктіктің, сондай-ақ адалдықтың символы ретінде жадымызда сақталды. Сонымен қатар әйелдер образында белгілі бір дәрежеде еркіндікті шектеу, қоғамның қатаң ережелеріне бойұсыну көрініс табады.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы білім мен мәдениетке бетбұрыс жасады. Дәл осы кезеңде әйелдердің әлеуметтік рөлі мен құқықтары жиі қозғалды. Мәселен Алаш зиялыларының, яки Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов сынды ұлт зиялылары өз туындылары арқылы әйелдердің білім алуы, тең құқылы болуы туралы мәселелерді кеңінен көтерді.

Ал кеңес дәуірінде әйелдердің қоғамдық рөлі туралы жаңа көзқарастар пайда бола бастады. Әдебиетте әйел бейнесі еңбекқор, қоғамның белсенді мүшесі ретінде суреттелді. Бұл кезеңдегі шығармаларда әйелдің өндірістегі рөлі, қоғамдық-саяси өмірге араласуы, гендерлік теңдікке жету идеялары айқын көрініс тапты. Осы тұста Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сынды жазушылар әйел бейнесін жаңа қырынан ашты. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің «Ананың анасы», «Ұлпан» повестері әйел затының нәзіктікпен қатар қайсарлығын, асқақ рухын бейнеледі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиетінде әйел образы мен гендерлік мәселелерді талқылау тіпті кеңейе түсті. Бұл кезеңде әйелдер тек отбасы мүшесі ғана емес, қоғамда өзіндік орны бар тұлға ретінде қарастырылды. Бүгінде ақындар мен жазушылар, әсіресе әйел қаламгерлер өз туындылары арқылы гендерлік теңдік, әйел құқықтары, қоғамдағы әлеуметтік шектеулер жайлы еркін әрі терең ой қозғап жүр. Бұған бір ғана мысал ретінде жазушы Сәуле Досжанованың «Екі күйеулі келіншек», «Жатқа туған бала», «Жалғыздың жарасы», «Қасірет пен тағдыр» атты туындыларын келтіруге болады. Әйелдің тауқыметке толы тағдыры жайлы жиі қалам тербейтін жазушының оқырмандар қатары бүгінде күн санап артып келеді.

Әдебиеттегі әйел мен ер адамның бейнесін поэзия арқылы зерттеу – ұлттық болмыстың өзгеру процесін түсінудің бірден-бір жолы. Әдеби шығармалардағы гендерлік мәселелер уақыт өткен сайын өзгеріп, қоғамның дамуына сай жаңа мазмұнға ие болуда. Мәселен бүгінде ақындар шығармашылығында әйел затының қоғамдағы рөлі туралы, әйелдер психологиясы, олардың өзіндік «менін» табуы, қоғамдағы түрлі шектеулерге қарсы күресі жайлы жиі айтылады. Сол арқылы әйелді тек нәзік жан ретінде ғана емес, сонымен қатар шешім қабылдай алатын, болашаққа ықпал ете алатын жеке тұлға ретінде көрсетеді. Сонымен қатар ерлердің бейнесі де үлкен өзгеріске ұшырауда. Қазіргі әдеби туындыларда ер азаматтар тек дәстүрлі шығармаларда бейнеленетін батыр немесе ел қорғаушы рөлінде емес, сезімтал, ішкі жан дүниесі күрделі кейіпкер ретінде көрініс тауып келеді.

Бұл тақырып тек әдебиет үшін емес, жалпы қоғам үшін маңызды екенін ескере отырып, алдағы уақытта да тереңірек зерттеуді қажет етеді. Себебі гендерлік теңдікке жету – тек әдебиетте емес, шынайы өмірде де маңызды мақсаттардың бірі.

Қорытындылай келе, ақындық өнер ердің де, әйелдің де табиғатына тән деген тұжырымға келеміз. Сондықтан бұл өнердің бастауы ортақ болуы тиіс.

Аружан ОРАЛБАЙ

АСЫЛЗАТ АРЫСТАНБЕК

Есенғали аға, Ес-аға!
Сенің Тәңір ес бүріккен санаңа,
Мен де – солай, қала алмадым тасада.

Ол рас, біз – әйелміз,
Сен – ақын.
Себебі:
Ең бірінші ақын – ЕРКЕК болатын!

Бірақ аға, жүгінейік Тәңір деген төреге
Барлық ақын еркек емес!
Еркек біткен ақын да емес және де!

Кешір, менің өктем шықса дауысым,
Кілең қырттар арасында
«Ақынмын» деп айқайлар,
Нағыз еркек ақындардың бары шын.

Сен – ақынсың,
Мен – әйелмін, бірақ та,
Жауап берші мына жалғыз сұраққа:

Ақыл-ойын аршып таң,
Ақындар ақын болып туыла ма?
Жасала ма, әлде олар балшықтан?

Қарсылассам, қақым бар,
Көбі мені құптайды.
Көктен жерге түседі ғой ақындар,
Жерден өсіп шықпайды.

Санам – сөзден,
Миым – миллион талшықтан,
Мен де аға, түстім Көктен. Түсірді!
Жасалмадым балшықтан.

Биші бола алмадым,
Күйші болу келмейді екен қолымнан.
Ақын болдым,
Ол да – сорым, артық тусам көп ұлдан.

Өлең – дерт деп айтпап па еді мына ел,
Демек – сор!
Ақын болып туу керек, ең болмаса бір әйел.
Мен болуым керек сол!

Дей алмассың: ақын емес, елессің,
мен
Аққұштап та, Фариза да емеспін!

Әлі мына Жаратқаннан бар дәмем:
Менен күйші, биші жасап бере алсаң,
О, Ес-аға, қуанар ем онда мен.

Өкінішті, келмейді ол қолыңнан,
Олай болса, кеспе менің жолымнан.

«Бишіліктен бақытыңды табасың»,
Енді бұлай демессің.
Өйткені сен де АҚЫН ғанасың,
Құдай емессің!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ЖОЮ – ДАМУҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖОЛ

Әлемдегі әрбір ел өзінің даму жолында көптеген қиыншылықпен бетпе-бет кездеседі. Біздің еліміздің де дамуына кері әсер ететін қауіптердің бірі – сыбайласқан жемқорлық. «2003 жылғы 31-қазандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4-мамырдағы №31 Заңы елімізде халықаралық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудағы ең бастапқы құқықтық акт ретінде танылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған басты нормативтік құжат ретінде 2015 жылғы 18 қарашада қабылданды. Аталған Заңның 22-бап 1-тармағына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзіреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті» делінген.

Сыбайлас жемқорлық көріністері көбіне мемлекеттік қызмет саласында, мемлекеттік қаржы-қаражатына қол сұғушылық, лауазымдық жағдайын асыра пайдаланушылық, белгілі бір қызмет түрлерін жасағаны үшін заңсыз сыйлық алушылық, қызметке қабылдау үшін сый-сыяпат түрінде пара алушылық, белгілі бір қызметтер мен жеңілдіктерге қол жеткізу үшін пара беру сияқты келеңсіз жағдайлармен көрініс беруде. Құзырлы органдар мен өз құзыреті аясында мемлекеттік мекемелер, лауазымды тұлғалар тарапынан жүргізіліп жатқан тиісті шаралардың арқасында мұндай сыбайлас жемқорлық жағдайларының жолы кесіліп, қылмысқа барғандар құрықталып та жатқан ақпараттар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрақты түрде жарияланып келеді. Бір қарағанда мұндай жағдайлардың көптеп жариялануы елімізде жемқорлық жағдайларының көптеп белең алғандай көрініс бергенімен, негізінде елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрестің қарқынды жүргізіліп жатқанын, сол арқылы қоғамымыз мұндай жағдайлардан тазарып, дамуымыз қарқынды екенін де аңғаруға болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі басты жетістік жемқорлардың құрықталуы ғана емес, сол сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын-ала жою арқылы ықтимал жағдайлардың алдын алу болып табылады. Бұл тұрғыда елімізде көрсетілетін мемлекеттік қызметті халыққа қолжетімді ету мақсатында электрондық қызмет түрлерін дамытып, әрбір жеке тұлға бұл қызметтерге кез келген уақытта, еш кедергісіз қол жеткізе алуына жағдай жасалуда.

Электрондық қызмет түрлері мемлекеттік қызмет түрлерінен бөлек қаржы және салық, банктік қызмет көрсету салаларында да кеңінен енгізіліп, мобильді қосымшалар арқылы халыққа қолжетімді бола түсуде. Электрондық қызмет түрлерінің көбеюі жалпы халық үшін қаржылық сауаттылықты, ақпараттық сауаттылықты кеңінен дамыту, насихаттау жұмыстары жандандырылуын қажет етеді. Сонымен қатар құқықтық сауаттылықты да дамыта түссек, қоғамдағы сыбайлас жемқорлық жағдайларының саны азайып, түбегейлі жоюға қол жеткізе түсеміз.

Электронды қызмет түрлерінің ашықтығы, қолжетімділігі жариялылық қағидаларын қамтамасыз етіп қана қоймай, жалпы қоғам болып жедел шешімдер қабылдануына жол ашыла түсері анық. Сол арқылы лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметкерлердің табысы мен жылжымайтын мүліктеріне мемлекет тарапынан бақылауды күшейтіп, сырттан келетін инвестициялардың тек қана еліміздің дамуына қызмет етуі қамтамасыз етілетін болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің қарқынды жүргізілуі, оның ықтимал жағдайларының алдын алу – елімізді инвестициялық тұрғыда тартымды ете түседі. Қоғамның жақсы жағынан дами түсуі елдегі әрбір азаматтың болашағына деген сенімін арттырып қана қоймай, өзге елдердің де алдында беделінің жоғарылуына септігін тигізеді. Ол үшін әрбір қоғам мүшесі өзін елдің адал азаматы ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресте, жалпы қылмыс атаулыға қарсы тұруда белсенділік танытып, тұтас ел болып бірлігіміз бен ынтымағымызды сақтауға атсалысуы қажет.

Қанат МЫРЗА,
Қызылорда облысы бойынша қазынашылық департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкілі

Жаңа туған нәрестенің сарғаюы – жаңа туған сәбилер арасында жиі кездесетін жағдай. Ол нәрестенің терісі мен көздің ақ қабығының сарғыш түске боялуымен сипатталады. Бұл құбылыс көбіне туғаннан кейінгі алғашқы бірнеше күнде пайда болып, көп жағдайда бірнеше апта ішінде өздігінен жоғалады.

СӘБИДІҢ САРҒАЮ СЕБЕБІ НЕДЕ?

Сәбидің сарғаю себебі көбіне қандағы билирубин деңгейінің жоғарылауынан пайда болады. Билирубин – эритроциттер бұзылғанда түзілетін сары түсті пигмент. Жаңа туған нәрестелерде бауырдың толық жетілмеуі салдарынан билирубинді өңдеу және шығару процесі баяу жүреді, сондықтан оның деңгейі артып кетеді.

Медицинада нәресте сарғаюының бірнеше түрі болады. Ең жиі кездесетін және қауіпті емес түрі физиологиялық сарғаю деп аталады. Бұл бала дүниеге келгеннен кейін 2-3 күнде пайда болып, 1-2 аптада өздігінен жоғалады. Сондай-ақ нәрестенің денсаулығына әсер етпейді және арнайы ем қажет емес. Ал патологиялық сарғаю түрі билирубиннің өте жоғары деңгейімен немесе ұзақ уақыт сақталуымен сипатталады. Бұған қан топтарының сәйкессіздігі, инфекциялар, бауыр аурулары, генетикалық бұзылулар себеп болуы мүмкін. Мұндай кезде балаға арнайы ем тағайындалып, дәрігер бақылау жасайды.

Сарғаюдың қауіпті түрінде сәбиге билирубиннің ағзада ыдырауына және шығуына көмектесетін жарық терапиясы қолданылады. Ауыр жағдайда қан құю сияқты процедуралар жүргізілуі мүмкін. Нәрестені жиі емізу арқылы билирубиннің шығуын тездетуге болады. Анасының жүктілік кезіндегі денсаулығын бақылау және дұрыс күтім жасау баланың денсаулығына оң әсер етеді. Егер сарғаю күшейіп немесе ұзақ уақыт бойы жоғалмаса, міндетті түрде дәрігерге қаралу қажет. Уақытында емделмеген патологиялық сарғаю жүйке жүйесіне әсер етіп, ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін.

Г.ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА,
Б.ИСАЕВА,
Қызылорда облыстық перинаталдық орталығының неонатолог-дәрігерлері

КӨКЕ ДЕГЕН АТАМА

Көке деп атамды мен еркелетем,
Сырларын жүрегіме терең етем.
Даланың данасындай кең пейілді,
Әр сөзі өміріме өрнек екен.

Атамның ақылына тәнтімін мен,
Қайратпен жігер берген, әр сөзі – дем!
Жүрісі байсалды һәм сөзі мірдің,
Балаға деген көңілі тым шексіз кең.

Көке деп айтам, дәйім шаттанамын,
Сіз барда көңіл тыныш, бата қалың.
Өзің салған ақ жолды жалғау үшін,
Мен – алғыр бала қыран, баптағаның.

Мұхаммеджан БЕКМЫРЗАЕВ,
Ә.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейінің 7 сынып оқушысы

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА:
СПОРТ ӘЛЕМІНІҢ ЖҮРЕГІ

Спорттың қай түрі болсын оңай емес. Спорт әлемінің жүрегі саналатын жеңіл атлетиканың орны бөлек. Тарихы сонау 1918 жылдан бастау алған бұл спортты азамат соғысының қыспағына, аштықтың құрсауына қарамай 1918 жылы Абай елінде спорт үйірмесі ашылыпты. Семейдегі ол үйірмені ашқан – Алексей Огородников деген азамат. Сондай-ақ Қазақстанда алғаш салынған ең үлкен спорт ғимараты – 1925 жылы Семейде ашылған.

Әуелі Киров атындағы стадион, кейін 1929 жылы Алматыдағы «Динамо» стадионы дүниеге келді. Кейінірек Алматыдағы «Спартак», «Локомотив» стадиондары бой көтеріп, Қарағанды, Петропавл, Қызылорда қалаларында спорт ғимараттары салына бастады. Мұның өзі Қазақ елінде спорттың қанат жаюына мүмкіндік туғызды. 1928 жылы Семейде физкультура техникумы салынды. 1928 жылы Петропавл қаласында өткен Бүкілқазақстандық Спартакиада жиырмасыншы жылдардағы ең айтулы оқиғалардың бірі болды. Ал 1937 жылы Кеңес Одағының біріншілігіне Қазақстаннан арнайы шақырылған төрт жеңіл атлетшінің бірі Хамза Мұхамеджанов еді. Ол 100 метрлік қашықтықта Кеңес Одағының жеңімпазы Николай Каракуловпен бірге жарысты. Қазақстандық Евгений Кадяйкин Мельбурн олимпиадасына қатысқан спортшы. Асқан желаяқ Ғұсман Қосанов Рим олимпиадасының күміс тұғырына шыққан қазақ спортшысы болатын. Осылайша шежіре тарих тарқатылып, алғашқы қадамдар жасалды.

Бірде атлет Людмила Бутузоваға «Спорт сізге не берді?» – деп сұрақ қойғанда екі көзі боталап қоя беріпті. Үнсіз, ойға батып біраз отырып, қос жанарынан парлаған жас тоқтамай қойған. Қарағанды қаласына жақын Қарабас деп аталатын поселкеде қара жолдың шаңын бұрқыратып жүгірген балалығын есіне алдыма, Кеңес Одағында биіктікке секіруде алдына жан салмаған бақытты сәттерінің қайта оралмайтынын ойлады ма, кім білген?! Қиындағы Израильден Алматыға әкелген де Қазақ топырағының құдыреті екенін жеткізген.

– Мен спортпен айналысқан жоқпын, спортпен өмір сүрдім, Менің қызықты да қимас күндерім спортпен өтті. Сондықтан да үлкен сағынышпен еске аламын. Қазір балалардың спортқа деген ықыласы өте төмен, олардың жүрегін компьютер жаулап алды. Бұл жақсылық емес, – депті бір уақытта Людмила Бутузова.

Байқасақ, спортқа деген сүйіспеншілік Людмила Бутузованы Алматыда жарыс жолына жетеледі. Спортпен қоштасқанына ондаған жыл өткен Людмила 150 сантиметр биіктіктен оңай қарғыды. Елуден асқан әйелдің бір кездегіше берлік қолтаңбасы бірден байқалады. Жанымен де, тәнімен де биіктікті аңсайтын сияқты. Бір кездері жанкүйерді жалт қаратып мойындатқан биіктік – 198 сантиметр еді.

Иә, жетпістен асқан қариялар 10 шақырым жерге жүгіру үшін дүбірлі жарыс іздеп шалғайдан келді. Оларды жетелеген, жүгірткен қай құдірет?! Кеңес Одағы кезінде қалың ел спортпен айналысты. Спорт үйірмелері, спорт мектептері балалардың шыныңуына, шыңдалуына, үлкен спорттың айдынына шығуына жол ашты. Буыны бекімей жатып компьютер орындығынан құйрықтары ажырамайтын ұрпақтың денсаулығы қалай болмағы ойландырса деймін!

Гүлім САҒЫНБАЙ,
Әдіскер

Маймыл шешегі – маймыл шешегі вирусынан туындаған сирек кездесетін вирустық зоонозды дерт. Маймыл шешек вирусына табиғи шешек вирусы (шешек тудыратын) және сиыр шешек вирусы кіреді. Адамдар арасында бұл сырқаттың алғашқы жағдайы 1970 жылы Конго Демократиялық Республикасында шешекті жою бойынша қарқынды іс-қимыл кезінде тіркелді. Шешек маймылдарымен эндемикалық елдер: Бенин, Камерун, Орталық Африка Республикасы, Конго Демократиялық Республикасы, Габон, Гана (тек жануарларда анықталады), Кот-д' Ивуар, Либерия, Нигерия, Конго Республикасы, Сьерра-Леоне және Оңтүстік Судан.

МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ

Маймыл шешек ауруының негізгі көзі жабайы жануарлар: приматтар мен кеміргіштер. Инфекция жұқтырған адамның қанымен немесе оның биологиялық сұйықтықтарымен, сондай-ақ ауру жануардың етін қолдану арқылы да пайда болуы мүмкін. Маймыл шешек вирусының таралуы адам вируспен жануардан, адамнан немесе вирус жұқтырған материалдардан байланысқан кезде пайда болады. Вирус ағзаға зақымдалған тері (тіпті көрінбесе де), тыныс алу жолдары немесе шырышты қабаттар (көз, мұрын немесе ауыз) арқылы енеді.

Жануардан адамға өту тістеу немесе тырналу, жабайы жануарлардың етін дайындау, биологиялық сұйықтықтармен немесе ластанған материалмен тікелей байланыста болуы мүмкін. Мысалы, ластанған қоқыс арқылы. Вирустың адамнан адамға берілуі негізінен ауа тамшыларымен жүреді деп саналады. Адамнан адамға ауысудың басқа тәсілдеріне биологиялық сұйықтықтармен немесе ластанған материалдармен, мысалы, ластанған киім немесе төсек-орын арқылы тікелей байланыс жатады.

Инкубациялық кезең 5-тен 21 күнге дейін. Жұқтырған адамда вирус жоғары қызба, дененің ауыруы, әлсіздік, папулярлы бөртпе, құсу, лимфа түйіндерінің ұлғаюы, айналуы арқылы сипатталады.

Маймыл шешек вирусын жұқтырудың алдын алу үшін бірқатар шаралар қолданылуы керек:

Вирустың тасымалдаушысы болуы мүмкін жануарлармен (ауру жануарларды немесе мәйіттері маймыл шешегінің таралу аймағында табылған жануарларды қоса) жанасудан аулақ болу керек. Ауру жануар байланыста болған қоқыс сияқты кез-келген материалдармен жанасудан сақ болыңыз. Вирусқа шалдыққан науқастарды жұқтыру қаупі бар басқа адамдардан оқшаулаңыз. Жұқтырған жануарлармен немесе адамдармен байланысқаннан кейін қол гигиенасын сақтаңыз. Мәселен, қолыңызды сабынмен және сумен жуыңыз немесе алкоголь негізіндегі қолды тазартқышты қолданыңыз. Науқастарға күтім жасау кезінде де жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) қолданыңыз.

Шет елдерге шығатындарға арналған ұсынымдар:

– маймыл шешегі тіркелген елдерге барудан аулақ болыңыз;

– шет елдерге шыққан жағдайда жабайы жануарлармен (приматтармен, кеміргіштермен) байланысты болдырмау;

– стихиялық және көше саудасы орындарында тамақ ішпегеніңіз абзал;

– тамаққа тек термикалық өңделген етті (өнімдерді) мұқият пайдалану;

– адамдар көп жиналатын орындарға барған кезде жеке профилактика шараларын (қашықтық, маскалар, дезқұралдар) пайдаланыңыз;

– Егер сапардан оралғаннан кейін 3 апта ішінде кезде өзіңізді нашар сезініп, қызба, бөртпені байқасаңыз (қызару, көпіршіктер және т.б.) сезсеңіз – шетелде болғаныңызды міндетті түрде хабарлай отырып, жақын маңдағы медициналық ұйымға дереу жүгініңіз.

Алима АБДУШУКУРОВА,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Ботулизм – жалпы организмнің улануына әкеліп соғатын инфекциялық ауру түрі. Ботулизм – Clostridium botulinum бөліп шығаратын улы затпен (токсин) бүлінген, ластанған тамақтан жұғады. Токсин – органикалық улардың ең күштілерінің бірі. Адам үшін оның 0,035мг мөлшері өлім дозасы болып саналады.

БОТУЛИЗМ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Токсин физикалық және химиялық факторлардың әсеріне төзімді. Оны 10-20 минут қайнатқанда бұзылады, сондай-ақ ол натрий хлориді концентрациясы көп ортада жақсы сақталады. Ботулизмнің қоздырғышы адамның, жануарлардың, балықтардың ішек жолдарында, топырақта, көңде, жеміс-жидекте, жемшөпте, мал азықтарында болады. Топыраққа түскеннен кейін спораға айналып, онда бірнеше жыл бойы сақталады. Ботулизм ауруының 90%-ы тұрмыстық жағдайында дайындалған саңырауқұлақ, баклажан, көкөніс, ет, балық консервілерін және тұздалған, ысталған балық, шұжық, сүрленген шошқа етін пайдаланғаннан болады. Яғни технологиялық ереже сақталмай дайындалған әртүрлі консервіленген тағамдарды пайдаланғанда орын алады. Консервіленген тағамда CI.botulinum микроорганизмі өсіп, жетілген кезде банкінің беті мен түбі ісінеді. Салдарынан қақпағы көтеріледі, оны «бомбаж» деп атайды.

Аурудың негізгі белгілері 2-12 сағат аралығында байқала бастайды: науқас адамның басы ауырып, әлсірейді, локсып құсады, жүрегі тоқтап қалғандай болып, ауызы құрғап, үнемі шөлдеп тұрады, неврологиялық белгілері байқала бастайды. Сондай-ақ көздің қарашығы ұлғайып, алдында тұрған зат қосарланып көрінеді. Науқастың жұтынуы қиындап, бірте-бірте дауысынан айрылады (афония).

Ботулизмнің алғашқы белгісі білінісімен науқасты ауруханаға жатқызу керек. Оған жедел түрде ботулизмге қарсы арнаулы иммунды сарысу егіледі. Мұндай сарысуды науқаспен бірге болып, уланған консервімен тамақтанған басқа адамдарға да егу қажет. Бұл аурудан сақтану үшін азық-түліктерді өңдегенде, тасымалдағанда, сақтағанда, дайындағанда, соның ішінде үйде консервілегенде санитариялық-гигиеналық ережелерді мұқият сақтау қажет.

Ботулизм ауруының алдын алу жолдары:

– Санитариялық тазалықты сақтау. Тамақ өнімдерін консервілеуде технологиялық процесті қатаң бақылап, консервіленген өнімдердің сақталуын қадағалау, жылы, ыстық орындарда болмауын қамтамасыз ету. Жалпы консервіленген тағамдардың бәрін төменгі температурада сақтап, қолданар алдында 40-30 минут бойы қайнатып алған дұрыс. Сонымен қатар үлкен ыдыстарда, көп мөлшерде тұздалған тағам дайындау қауіпті. Өйткені оның түбінде ауасыз жағдай қалыптасып, ботулизм токсині түзілуі мүмкін.

– Қалай дайындалғандығы белгісіз, жарамдылық мерзімі көрсетілмеген, ұзақ сақталған тағамдарды кездейсоқ жерден, базардан сатып алмау қажет және консервіленген өнімдерді пайдалану алдында қақпағы күмпиген (ісінген) бомбаж және «бұлыңғыр» түрдегі өнімдерді пайдаланбаған дұрыс. Егер күдікті тағамды ішкен кезде және аурудың белгілері пайда болса, тез арада дәрігерге қаралу қажет.

А.ОМАРОВА,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ЖЕТІ ӘУЛИЕ ЖАТҚАН ЖЕР

Қызылорда-Түркістан жол бойындағы Шиелі ауданына жақын орналасқан «Жеті әулие қорымы» немесе «Оқшы Ата мазараты» атанған киелі орын жайлы білмейтін жан кемде кем. Ондағы оғыз-қыпшақ дәуірінен сыр шертетін аңыз деректер еріксіз қызығушылығыңды оятады. Ғалым, түркітанушы Әуелбек Қоңыратбаевтың зерттеулеріне сүйенсек, мұндағы әулиелер осыдан 1500 жыл бұрын жерленген. Яки XIV ғасырда Әмір Темір Түркістан қаласында Яссауи кесенесін салмай тұрып-ақ дәл осы пантеонының бар болғаны жайлы деректерді кездестіреміз.

Бұл жерде Қазақстанның рухани мұрасы болып саналатын бірнеше тарихи тұлғалардың зираты орналасқан. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі мен аңызға толы ғұмыры ел арасында әлі күнге дейін сақтаулы.

Оқшы ата мазары – XI ғасыр сәулет өнерінің үлгісіне жататын республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш. Оқшы атаның шын есімі – Ибраһим шайхы. Жастайынан жетім қалған Ибраһимді жалғыз қызы бар кісілер асырап алған. Кей аңыздарда Қазан ханның әскеріне қару-жарақ дайындаумен айналысқан ұста Ибраһимді ел арасында «Оқшы ата» деп атаған десе, енді бірінде мынадай оқиға баяндалады. Ертеде залым патша әмірінен халық қорлық көрген тұста кезек Оқшыны асыраған отбасыға да келеді. Патша әскері елге жеткенде сонау Түркістанда жүрген әулие Сырға қарата бидайды үрлейді. Патша тапсырмасымен ел ішінде жүрген әскербасы сол жерде тіл тартпай кеткен деседі. Өлімнің себебі беймәлім, кінәліні іздестіргенде Оқшының әкесі «жүрегін ашып қараңдар, ішінде бидайдың қыпығы болса бұл менің баламның ісі» деген көрінеді. Айтқан сөзі айдай келіп, жүрек ішіндегі бидай қыпығына жұрт куә болады. Ел содан бастап Ибраһимді «Оқшы» атап кетеді. Бұл әрине ауыздан ауызға тарап, бізге жеткен аңыз.

Асан ата кесенесі – көлемі 9,5 х 10,5 метр, биіктігі 7,6 метр екі иықты күмбезді құрылыс. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, бұл тұлға оғыздардың ханы Қазан болуы мүмкін. Ал халық арасында бұл жерде Қазақ хандығы дәуіріндегі жерұйықты іздеген Асан қайғы жерленген деген деректер де бар.

Қыш ата кесенесі – нақты өмір сүрген уақыты зерттелмеген. Он саусағынан өнер тамған оның шеберлігі ерекше болғандықтан, есімі халық арасында «Қыш ата» аталып кеткен. Аңыз бойынша, Қыш атаның күйдірілген кірпіштері Яссы, Сайрам, Сауран, Сығанақ сынды қалаларға тараған. Бұл деректер оның Қыпшақ дәуірінде немесе моңғол шапқыншылығы қарсаңында өмір сүргенін дәлелдейді. Кесененің күмбезі бұзылған, тек қабырға қалдықтары қалған.

Ғайып ата кесенесі – зерттеушілер бұл тұлғаның IX ғасырда өмір сүргенін болжайды. Кесене төртбұрышты болып салынған, көлемі 9 х 8 метр. Күйдірілген кірпіштен қаланып, есігі оңтүстікке қарата соғылған.

Есабыз әулие мазары – Асан ата мен Оқшы ата кесенелерінен кейінгі маңызды ескерткіш. Заманында әлсіздерге демеу беріп, жалғыз-жарлыларға сүйеу болған баба жайлы екі түрлі пікір бар. Бірі Оқшы ата заманында бірге өмір сүрген десе, екінші бірі ол жайлы аңыз-деректердің осы кезеңге өзгеріссіз жетуіне байланыстыра отырып, беріде өмір сүрген деген тоқтамға келеді. Мазарат құрылысы екі бөлмеден тұрады:

кіреберіс пен қабірстан. Жалпы биіктігі 2,80 метр, күмбезі 2 метрге жетеді.

Досбол датқа мазары – Досбол Қорлыбайұлының құрметіне тұрғызылған. Алғаш рет 1994 жылы бой көтеріп, 2017 жылы қайта жаңартылған.

Бала би мазары – XIX ғасырда өмір сүрген Бименбет Есенәліұлының кесенесі. Алғашында Оқшы ата мазаратында бес әулиеге күмбез көтерілсе, кейінірек Бала би мен Досбол би ұрпақтарының қолдауымен жаңа кесенелер салынған.

Қызығы дәл осы жеті әулие жерленген мазараттың маңайындағы жыңғыл, сексеуіл ағаштарын кесіп алуға тиым салынған.

– Бұл жердің киелі саналатын бірнеше себебі бар. Соның бірін айтып өтейін. 1903-1905 жылдары өңірден өтетін Түркісіб темір жолы салынған кезде құрылыс жобасы бойынша темір жол дәл осы әулие бабалардың үстінен өтуі керек болған. Алайда құрылыс жұмыстары дәл осы мазарат тұсына келгенде біраз кешеуілдеген көрінеді. Себебі жұмысшылар темір жол рельстерін жоспар бойынша орналастырып, кеш бата тыныуға кетеді. Таңертең жұмыс орнына оралған олар өз көздеріне сенбей тұрып қалады. Шашылып жатқан рельстерді бұзақылардың ісі деп топшылайды да қайта іске кіріседі. Дегенмен ертесіне жағдай тағы да қайталанады. Бойларын үрей билеген құрылыс басшылары жақын маңайдағы ауыл ақсақалдарына жүгінеді. Сұрастыра келе мұнда әулиелердің жерленгенін біліп, кейін темір жол рельстерін әрірек соққан деседі. Содан соң ғана жұмыс өніп, құрылысқа ешбір зиян келмеген екен, – дейді Шиелі аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Бекболат Әбутегі.

Тағы бір ел аузындағы аңыз деректерге құлақ түрсек, осында жерленген Есабыз бабаның дүниеден қайтқан шағында орын алған оқиға таң қалдырмай қоймайды. Әулиенің жан тапсырар уақыты жетіп, дәм-тұзы таусылғанда ел-жұрт жиылып, мүрдені ат-арбаға тиеп қорымға бет алады. Ғажабы сол, шыжыған шілдеде әулие тиелген ат-көліктің үстінен үй көлеміндей бұлт көлеңке түсіріп, қорымға дейін қатар жүріп отырған деседі. Қадым замандардан ауыздан ауызға тарай отырып, бізге жеткен аңыз осылай дейді. Анығы Жаратқанға мәлім.

А.МАРАТҚЫЗЫ

ЗЕКЕТ ҚҰЛШЫЛЫҒЫН ТҮСІНІП ЖҮРМІЗ БЕ?

Бес парыздың бірі - зекет құлшылығы. Қоғамда маңызы жоғары тұратын ғибадат. Бұл дүние-мүлік арқылы орындалады. Зекет сөздікте тазалық, берекет, көбею, арту, өсу сынды мағыналарды береді. Шариғат талабын орындап, парыз болған зекетін уақытылы өтеген адамның дүние-мүлкіне Алла береке береді. Ең лас дүниеден берген зекеті тазалайды. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мал-мүліктеріңді зекетпен қорғаңдар, ауруларыңды садақамен емдеңдер және бәлеге қарсы дұға әзірлеңдер», – деп айтқан. Зекет ғибадатының түпкі мақсаты – қоғамдағы мұқтаж жандардың қажеттілігін өтеу.

Алла Тағала зекет құлшылығын ислам дінінің негіздерінің бірі ретінде бекітіп, оны әл-ауқатты мұсылманға парыз етіп бұйырған. Құранда: «Әрі намазды толық орындаңдар, зекетті беріңдер!», – делінеді («Бақара» сүресі, 43-аят). Осы аяттан зекеттің парыздығы намаз құлшылығымен қатар бұйырылғанын көруге болады. Айтпақшы, зекет сөзі Құранда жиырма жеті жерде намазбен бірге аталады екен. Мұндағы мақсат – намаз оқушылардың зекет берушілерден екенін баяндаса керек.

Шариғаттағызекет сөзінің мағынасына келсек, белгілі бір өлшемдегі мал-мүліктің белгіленген бір бөлігін Алла Тағаланың разылығы үшін тиісті кісінің меншігіне беру дегенді білдіреді. Шәкәрім бабамыз: «Құдай Тағаланың пақырлар үшін жүз қойдан бір қой зекет бізге осынша ауыр көрінгені қалай? Тегінде байқасаңыз бізге көрінбей тұрса да, бізді теріс жолға қызықтырып, оң жолдан жиіркендіріп тұрған бір нәрсе бар емес пе? Сол шайтан деген жауыңыз. Не қылсаңыз соған алдатпа», – деп зекеттің парыз екендігін айтқан.

Зекет беру ауқатты мұсылманға ауыр көрінбеу керек. Мал-дүниенің, байлықтың белгіленген бір бөлігін Алла разылығы үшін «зекетім» деп атап тұрып, шын көңілмен беру жай нәрсе емес. Себебі, берілген зекетіміз арқылы қолда қалған дүние-мүлкіміз рухани ластықтан түгел тазарып, орнына береке мен көбею келе бастайды. Нағыз береке деген осы емес пе?!

Зекет беру кезінде адамның нәпсісі сыналады. Құранда:«Кім өзінің сараңдығынан сақталған болса, міне, солар – табысқа жетушілер», – деп айтқан («Хашр» сүресі, 9-аят). Зекет беру арқылы адам бойындағы сараңдық сынды жағымсыз істер жойылып, жомарттық, сақилық сынды қасиеттер артады. Жоқ-жітіктерге деген мейірімі оянады. Осындай жақсы қасиеттер адамды сауапты істерге жетелеп, дүние-мүлкінің берекесін кіргізеді. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әр күні таңертең екі періште түседі. Бірі: «Ей, Раббым! Садақа бергенге садақасына қайтарым ретінде жаңасын нәсіп ет», – десе, екіншісі: «Ей, Раббым! Сараңдық еткенге мал-дүниесін опат ет», – деп дұға етеді», – деп айтқан.

Әрбір құлшылықтың өзіне тән даналығы бар. Зекет – ауқатты, дәулетті кісінің мұқтажға беруі тиіс Алла белгілеген мойнындағы қарызы. Өмір – сынақ. Сол секілді қолдағы байлық та бір сынақ. Жоқшылық пен таршылық та сынақ. Бай адамның қолындағы көл-көсір дүниенің де сұрауы бар. Мәселен, қайдан тауып, қалай жұмсағандығы, адал жолмен тапты ма, жоқ арам жолдан келген дүние ме, міне Алла алдында осындай есебі болады. Бай адам байлығының бір бөлігін кедей, мұқтаж жандарға беруге міндетті. Құранда: «Сұраған мұқтаждың немесе ар-намысынан себеп ұялып сұрай алмағанның байлықта белгілі бір хақы бар», – деп келеді («Зәрият» сүресі, 19-аят). Осы тұрғыдан қарасақ, байлығы оған бір сынақ. Сондықтан, жыл сайын зекетін беріп, мал-дүниені адалдан табу, берекесін сақтау өте маңызды.

Расында зекет құндылығын, оның парыз болу хикметін бай мен кедей түсіне білсе, араларында кек сақтау, өшпенділік секілді жағымсыз істер жойылып, тек бір-біріне деген сүйіспеншіліктері артып, сыйластықтары нығая түсер еді. Қоғамның тыныштығы бай мен кедейдің бір-бірін жете түсінуінде жатыр. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Малыңның зекетін бергенде, кедейдің өзіңнің малыңдағы ақысын төлеген боласың», – деген екен. Кедейдің ақысы зекетті дер уағында беруімен өтеледі. Қоғамда тыныштық орнайды. Зекетін есептеп, дәл уағында әрбір адам беретін болса, қоғамдағы кедейліктің саны азайып, қиыншылықта жүрген адамның тұрмысы әжептеуір түзеле түседі.

Білесіз бе?! Дүниесі жоқ кедей адамның да өзінің өмірдегі сынағы болады. Жоқшылыққа сабыр көрсете алады ма, жоқ әлде күпірлік етеді ме?! Тағдырға разылығы не болмаса оның наразылығы кедейлік кезде байқалады. Адамдарға қол жайып масылдық танытпай, адал еңбек етуі сынды өзіндік сынағы көрініс беріп тұрады. Сондықтан, кедейлік сәтінде тағдырға разы болу, қиыншылыққа сабыр көрсету, дүние үшін ар-намысын сатпау, мінез-құлқын бұзбау – Алланың разылығына жеткізетін амал. Қоғамда байлық мен кедейліктің болып тұруы заңдылық. Өмірде мұндай бір-біріне қарама-қайшы жағдайлардың болуы өмірдің сынақ мекені екенін аңғартса керек. Демек, байлық абырой емес, кедейлік қорлық емес. Бұлар жәй ғана сынақ болып табылады.

Зекет беру біз ойлағандай жатқан шығын емес, бұл – шүкіршілік болып табылады. Ал, шүкіршілікті жәй тілмен емес, мүлік иесі Алланың әміріне сай зекетті өтеу арқылы білдірсе, иігілігі артып, дүниесі көбейе түседі. Алла Тағала былай дейді: «Егер шүкір етсеңдер, сөзсіз, (берген игіліктеріме алғыс білдірсеңдер), сендерге оны міндетті түрде арттыра беремін. Ал күпірлік қылсаңдар, сөзсіз, Менің азабым тым қатты» («Ибраһим» сүресі, 7-аят). Зекет – «мен таптым» деген күпірліктен сақтап, дүние-мүлкіне берген «Алла» деген ақиқатқа жеткізеді. Зекет – дүниені жүрекке кіргізіп алудан қорғап, пенде баласын Аллаға жақындататын ғибадат.

Шариғат қағидасымен қарасақ, негізгі қажеттіліктері мен қарызынан тыс нисаб мөлшеріндей зекеті берілетін және бір жыл өткен мүлікке ие адам зекетін кешіктірмей беруі парыз болып табылады. Зекетті қандай да бір себепсіз кешіктіріп, әдейіге бермей жүрсе, күнәһар болып табылады. Өйткені, зекет жоқ-жітіктің мойнындағы ақысы болып табылады. Зекет мұқтаждың қажеттілігін өтеу үшін парыз етілген болса, демек оны дер уағында беру парыз екенін ұмытпаған жөн.

Зекет беруге міндетті болу үшін әуелі адамның бойында мынадай шарттар болуы тиіс. Зекет беретін адам мұсылман болуы, бас бостандығы болуы және ақыл-есі дұрыс, балиғат жасқа жеткен болуы керек. Сонымен қатар зекет беретін адамның негізгі қажеттіліктерінен және қарыздарынан тыс нисаб мөлшеріндей немесе онан да көп мал-мүлікке ие болуы керек. Нисаб деп мал-мүліктің зекетін беруді қажет ететін мөлшерді айтады. Зекет беруші мал-мүлікке толық иелік етуі керек. Яғни, зекеті берілетін мал-мүлік кісінің өз иелігінде болуы қажет. Қарыздар болмауы. Адамның мойнындағы берешегі зекеттің оған парыз болуына кедергі болады. Сондықтан ең алдымен қарыздан құтылу қажет.

Зекетті өтеу мәселесіне келсек, алтын, күміс, ақша немесе әртүрлі сауда заттары мен төрт түлік мал нисаб (шариғат бекіткен) мөлшеріне жетіп тұрса, әр жылы бір рет зекет беру парыз болып табылады. Зекетті өмірде бір рет қана беру керек деп түсіну де қате пікір. Әрбір жылы шариғат бекіткен нисаб мөлшеріне жетуімен зекет парыздығы өтеліп тұруы тиіс. Дүние мүлкі көбейген әрбір мұсылман жылына бір рет зекетін тиісті орынға есептетіп, өзіне парыз болған зекетін уақытымен өтеуді борышым деп біліп, жауапкершілікпен іске асыруы тиіс. Бұл шариғаттың талабы екенін ұмытпағанымыз абзал.

Оңталап ЖИДЕБАЙ,
«Зекет» қайырымдылық қорының Қызылорда облысы бойынша өкілі

Бүгінде сыбайлас жемқорлықпен күрес – тәуелсіз еліміз үшін ең күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Бұл кесірлі кесел саяси даму тұрғысынан бір-біріне мүлдем ұқсамайтын әлемдегі елдердің қай-қайсысын да алаңдататыны анық. Жалпы жемқорлық барлық мемлекеттер мен халықтарға тән және оның сан ғасырлық тамыры бар.

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАЙ ДА, ҚОРҒАЙ ДА БІЛЕДІ

Әрине, кәсіпкердің өзін қауіпсіз сезінгені, кез келген ортада әділ де ашық жүйені байқағаны – мемлекет үшін басты орында. Себебі әлеуметтік саланың жүгі артылған салада атқарушы билікке деген сенім шешуші рөл атқарады. Жұмыс орнының ұлғаюы, инфрақұрылымның ілгерілеуі, тұрғындардың әл-ауқатының өсуі кәсіптен келетін игілікке тәуелді. Ал бизнеске бет алғандар қадым басқан сай әділетсіздікке ұшырап, құлаш жайып әрекет етуге кедергі көбейсе, қайдан табыс болсын. Міне, сондықтан кейінгі жылдары кәсіпкерлер де қарап жатпай, биліктен араша сұрап, ақ-қарасын анықтауға өтініш көбейткен.

Бұл орайда Антикорға артылған міндет орасан. Құзырлы орган түскен шағымды бақылау, талдау жүргізу ісінде жемісті еңбек етіп келеді. Мысалы, биыл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің облыстық департаменті өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп «Бизнеске жол» жобасын қолға алды. Антикор мамандары жоба аясында 2 мыңға жуық кәсіпкердің құқығын қорғапты. Ішінде жер дауы, мемлекеттік сатып алудағы заңсыздық, қаржылық есептегі кемшілік салдарынан Антикорға жүгінгендер көп екен.

Мәселен, департаментке осыдан бірнеше ай бұрын меншік құқығындағы жер учаскесін бар кәсіпкер жүгінген. Айтуынша, жергілікті атқарушы орган оның жылжымайтын мүлкін мемлекет меншігіне алмақ болыпты. Департамент шағымды жан-жақты талқылап, істің анық-қанығына көз жеткізу үшін «Атамекен» палатасы алаңында қалалық мүдделі органдар басшылығының қатысуымен кездесу ұйымдастырып, қос тараптың уәжін тыңдайды. Кездесуде кәсіпкер жер учаскесін 20 жылдан бері базары ретінде қолданғанын айтты. Сол арқылы халықтың өңірдегі кәсіпкерліктің дамуына септесіп, бизнесті өркендетуге атсалысқан. Нәтижесінде мемлекеттік қызметкерлер шығарған шешімнің негізсіз екені анықталған. Көп өтпей, департамент ұсынысы негізінде негізсіз шешімнің күші жойылды.

Бұл жалқы мысал ғана. Кәсіп иелері сан сала сыбайлас жемқорлық пен заңсыздықтың құрбанына айналуда. Депатаментке көмек сұрай келген кезекті кәсіпкер мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі тиімсіз жүйе мен негізсіз шешімге шағымданыпты. Оқиғаның ұзын-ырғасы былай. Кәсіпкер мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тапсырысты ұтып алады. Жұмыс барысында атқарушы орган, яғни тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу шартында көрсетілген міндеттемелерін уақтылы орындамаған. Антикор істің шикілігін аңдап, кәсіпкерге шағымы негізінде тексеруге кіріскен.

Нәтижесінде мемлекеттік тапсырыс талабын бұзу фактісі анықталады. Тапсырыс беруші кәсіпкерге төлеуі тиіс аванстық төлемді 4 ай кешіктірген. Бұл мердігерге қаржылық қиындық туғызып, құрылыс нысанындағы жұмыстың уақтылы басталуына кесірін тигізген. Осылайша мердігер құрылысқа қажетті материалдарды жеке қаражаты есебінен сатып алуға мәжбүр болған.

Мән-жайды саралаған департамент өкілдері кәсіпкерге қолдау білдіріп, әкімдікке тиісті ұсыныс хат жолдайды. Кейін тапсырыс беруші кешіктірген қаражатты аударып, құрылыс барысындағы қазан айында орындалған жұмыстың актісіне қол қойған. Соңында кәсіпкердің құқығы қорғалып, оған 267 млн теңге қаражаты төленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті жүйелі жұмыспен көзге түсуде. Мемлекеттік қызмет, білім беру, құқық қорғау салаларында анықталған заңсыздық қаншама? Құзырлы органның позициясы да айқын, күрес жолы да алуан. Жыл бойы конференция, семинар, түсіндірме жұмыстары толастаған емес. Әрбір шараға басшылық құрам қатысып, сыбайлас жемқорлықпен күрестегі мемлекет ұстанымы нық екенін аңғартуда.

Есте болса, облыста жуырда өткен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: құндылықтар мен этикалық қағидаттар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Жиында департамент басшысы сыбайлас жемқорлықпен күрестің концепциясын жатық жеткізген болатын.

«Сыбайлас жемқорлық – кез келген қоғамның дамуына кедергі келтіретін қауіпті құбылыс. Ол елдің экономикалық өсімін тежейді, әлеуметтік теңсіздік тудырады және халықтың мемлекетке деген сенімін әлсіретеді. Әрқайсымыз бұл індеттің көріністерінен азат қоғам құруға өз үлесімізді қосуға ат салысуымыз керек», деді департамент басшысы Қуаныш Ахметқалиев.

Жағымды жаңалыққа келсек, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі еліміздің әр өңірі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын әзірлепті. Біздің облыстың картасына агроөнеркәсіптік кешен, жер, жолдар және инфрақұрылым, әлеуметтік сала, бизнес, сейсмикалық қауіпсіздік салалары енгізілген.

«Департаменттің ұсынысы негізінде шартта көрсетілген артық талаптар жойылып, 1500-ден аса кәсіпкердің құқығы қорғалды. Суару сумен қамтамасыз ету саласына келетін болсақ, «Көкарал» бөгеті бойынша бүгінгі күнге дейінгі жұмыстарды қабылдау актілеріне сәйкес, жұмыстар нақты іс жүзінде атқарылмағандығы анықталды. Қабылданған шаралар нәтижесінде кемшіліктер жойылып, жетіспейтін құрылыс жабдықтары толық жеткізілді. Осылайша жоғарыда көрсетілген қаражат жымқырудың жолы кесілді», – деді өңірлік коммуникациялар қызметіне өткен сұхбатында облыс бойынша департаментінің басшысы Қуаныш Жұмағалиұлы.

Антикор өз қызметін басқа да мемлекеттік органдармен, қоғаммен және халықпен бірлесіп жалғастыратын болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы өте түсінікті түрде дайындалған Қазақстан Үкіметінің мәлімдемесі бар. Барлық құрылымдарда және үкіметтің барлық деңгейлерінде жемқорлыққа қарсы бірыңғай мықты және дәйекті саясат қана оң нәтиже бере алатыны белгілі.

Әділетті қоғамды құру – ортақ міндет. Бастысы, заңсыздықты әшкерелеу әрі жолын кесу үшін әрбіріміз атсалысуымыз керек. Мұны ұмытпаған жөн. Сонда ғана қауіпсіз болашақ пен әділ бәсекеге қол жетпек.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Біз өте күрделі кезеңде өмір кешіп жүрміз, экономикалық реформалар мен дағдарыс кезеңі, трансформация уақыты. Түрлі зерттеулерге сәйкес, жемқорлық теріс құбылыс. Бұл қоғамның түпкі негізін бұзады, дамуға қауіп төндіреді, мемлекеттік органдарға деген сенімнің төмендеуіне ықпал етеді. Ел экономикасы мен қоғамдағы моральдық ахуалдың бұзылуына алып келеді.

Сыбайлас жемқорлық тек азаматтық сектордағы олқылық емес, білім беру, денсаулық сақтау, құрылыс бағытында да бұл мәселенің барын көріп жүрміз. Әсіресе, кәсіпкерліктегі жеңіл ұшынан жалғасқан жемқорлық ілкімді істерді ілгерілетуге қолбайлау. Бизнеске жайлы орта қалыптастырмай экономиканы дамыту мүмкін емесін ескерсек, қазірден қадам жасау маңызды болмақ.

Айнұр БАЙМАХАНОВА:

ХАЛЫҚ СЕНІМІ – МАҢЫЗДЫ МОТИВАЦИЯ

Басы 1-бетте

– Бәсекелестік кез келген салада кездесетін ұғым. Өңірдегі өзге кондитерлік үйлерімен салыстырғанда, «Ainur's cakes»-тің артықшылықтарын атап өтіңізші. Тәттілердің өз бағасын қалай есептеп шығарасыздар? Қандай тәттінің сатылымы ерекше жоғары?

– Бәсекелестік бұл салада да жеткілікті, әрине. Бірақ біз өзіміз өндіретін өнімнің сапасына мән береміз. Олардың барлығы табиғи және дәмді. «Ainur's cakes» кондитерлік үйінің артықшылығы – ерекше дизайн және клиентке арнайы ұсынатын жеке тапсырыстар. Біз сатып алушының тілегін ескере отырып, ерекше және эксклюзивті тәттіні дайындауға тырысамыз. Бұл да креативті ойды қажет етеді.

Бағаны есептеуде біз қазір «AIKO» бағдарламасын қолданамыз, ол бізге өнімдердің нақты құнын анықтауға көмектеседі. Шығындарды осылайша бақылаймыз. Ал сатылымы жоғары тәттілерге келетін болсақ, бізде торттар мен эклерлер өте жоғары сұранысқа ие.

– Кез келген бизнес нарыққа еніп, жеке бренд болып кеткенше «минусқа» жұмыс істейді. Сіз өз кәсібіңізде мұндай кезең болды ма және оны қалай еңсердіңіз?

– Иә, кез келген кәсіпте қиыншылықтар болады. Шығынға батқан жоқпын, бірақ бастапқыда көп қаражат құйдым. Негізгі қиындық – құрал-жабдық сатып алу, технологияларды үйрену және сапаны тұрақты түрде жоғары деңгейде ұстау. Бұл үшін шыдамдылық, қажыр-қайрат керек. Алғашқы кезде көптеген ресурстар жұмсалды. Бірақ әрбір сәтті нәтиже маған күш берді, ал бұл кәсіпті жалғастыруға мотивация болды.

– Кондитерлік оңай көрінгенімен, қызығы мен шыжығы қатар жүретін өнер десек те болады. Бұл кәсіпті бастауда қандай қиыншылықтармен кездестіңіз?

– Қиыншылық көп болды. Ең алдымен, кондитерлікке қажетті құрал-жабдықтарды сатып алу мен үшін үлкен мәселе болды. Себебі сапалы пештер мен басқа да аспаптар өте қымбат тұрады. Одан бөлек, клиенттер базасын құру да оңай емес, сенімді клиенттер табу, олардың сеніміне кіру уақыт талап етеді. Ал қазір бізге сенім артатын тұтынушының көптігіне және олардың көңілінен шығып жатқанымызға қуаныштымын, шүкіршілік етемін. Себебі кезінде осы күнімізді армандадық. Мұның да астында қаншама тер мен үкілеген үміт жатыр. Бүгінде аймақта «Ainur's cakes»-тің 3 нүктесі, сондай-ақ бір кофейня бар. Қарамағымда 50-ге жуық адам жұмыс істейді.

– Өмір түрлі қызықтарға толы. Кондитерлік еңбек жолыңызда жолыққан ең ерекше жағдай туралы айтып берсеңіз...

– Әр күн ерекше! Тапсырыс берушілермен жұмыс істеу, әрбір жаңа тапсырысты орындау – мен үшін әрқашан бір қуаныш. Бір қызықты жағдайды бөліп айту қиын, себебі мен үшін әр тапсырыс маңызды әрі ерекше тәжірибе. Халық сенімі – маңызды мотивация. Кейде кейбір тұтынушылар өте ерекше және үлкен торқа тапсырыс береді. Бұл да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сол себепті тапсырыстың мінсіз болуын бірінші орынға қоямыз.

– Уақыт бөліп, сұрақтарымызға жауап бергеніңізге рақмет. «Ainur's Cakes»-тің табысы артып, халықты қуанта беріңіздер!

Сұхбаттасқан
Қорлан САРЫ

«РАПУНЦЕЛЬ» ҚЫЗДЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Ел арасында «қазақстандық Рапунцель» деп танылған бұрымды қыз туралы естуіңіз бар ма? Иә, алтын шашын алтын тарақпен тарайтын ертегідегі ханшайым бізде де бар. Кейіпкерімізбен сұхбаттасудың сәті түсіп, шаш күтіміне байланысты азды-көп әңгіме өрбіттік.

«Ақмешіт жастары» басылымының кезекті қонағы – 31 жастағы Мөлдір Бекжан. Ол Алматы облысы, Ұзынағаш ауылының тұрғыны. Айтуынша, шашын 9 жасынан бастап өсірген. Ал қазір ұзындығы – 2 метр.

– Кішкентайымнан ертегі оқығанды жақсы көрдім. Әсіресе ханшайымдарға ерекше көңіл бөлетінмін. Өзіңіз де білесіз, ертегілерде алтын шашын алтын тарақпен тарайтын ханшайымдар бейнеленеді. Бала күнімнен танымалдылыққа, ертегі кейіпкерлерінің сұлулығына ерекше қызығушылығым болды. Анамның, әпкелерімнің де шаштары ұзын еді. Сондай-ақ 4 жыл филология мамандығында оқыдым, әдебиетке жақын болдым. Қыз жібектің ұзын шашына да қызықтым. Соның әсерінен болар, мен де кішкентайымнан ұзын шашқа құмар едім. Тіпті жаулықтарды шашым секілді тағып, ханшайымдарша ойнайтынмын. Қиялымда әрдайым сұлу бейне қалыптасатын. Кейін шашымды мүлдем қысқартпай, содан бері өсіріп келемін, – деді Мөлдір Бекжан.

Балалық арманын орындаған кейіпкеріміз шаш күтімі туралы зерттеп, қазір қыз-келіншектерге кеңес береді, білгенін айтады һәм үйретеді. Биыл тамыздан бастап «Рапунцельдің шаш күтімі» атты авторлық курсын жүргізіп келеді. Онда шаштағы мәселелер мен оның туындау себептерін анықтайды, соған сай шешу жолдарын ұсынып, қатысушыларға үй жағдайында шығынсыз шаш күту жолдарын үйретеді екен. Мұнан бөлек әр қатысушымен жеке жұмыс жүргізеді. «Шаш адам денсаулығының айнасы» деп дөп айтатын Мөлдір курстың бағдарламасында дәрігермен де жеке жұмыс қарастырылғанын айтты.

– Әйелдерге шашты үй жағдайында дұрыс күтуді үйретемін. Бұл ешқандай артық шығынды қажет етпейді. Сабақтарда шаштың майлануы, қайызғақ, ұштану мен шатасып таралмау сияқты барлық мәселені үй жағдайында шешу жолдарын көрсетемін. Сондай-ақ қазір шаштың түсуі мен ағаруы да көбейген. Ал бұл проблемалардың негізгі себебі ағзадағы өзгерістерде жатыр. Сол үшін дәрігермен бірлесе жұмыс істеймін. Курсқа қатысушылардың ішкі ағзасының жағдайын анықтау үшін дәрігердің көмегімен кешенді тәсіл қолданылады. Осылайша, қатысушыларға шаш күтімі мен ағза саулығының үйлесімді байланысын ұсына отырып, толықтай нәтижеге жетуге көмектесемін, – дейді ол.

Расымен, шашқа қарап денсаулықтағы мәселелерді көруге болады. Мөлдір Бекжанға хабарласатын қыз-келіншектерде анемия, қант диабеті немесе онкологиялық дерт болады екен.

– Маған байланысатын адамдардың 70-80%-да анемия бар. Жасөспірімдер, бойжеткендер түрлі мәселемен хабарласады. Зоб пен витамин жетіспеушіліктен де шаштары дұрыс өспейтіндер бар.

Шаштың күнделікті түсуі барлық адамда болады. Бірақ қалыпты деңгейде. Ал егер түсу мөлшерден тыс көбейсе, шашыңыз тез ағаратын болса ағзаңызбен жұмыс істеу керек. Кей адамдар шашына арнайы күтім жасамаса да шашы қалың, ұзын болып өседі. Бұл денсаулық жағдайының жақсы болуынан, ал екіншіден генге де байланысты. Мұнан бөлек стресс пен депрессияға жиі түсетін адамдардың да шаштары әлсіз, жұқа келеді.

Шаштың өсуіне жауап беретін пигменттер, микроэлементтер болады. Олардың да жетіспеуінен шаш өспейді. Сонымен қатар ұйқы, тамақтану мен қан айналымының дұрыс жүрмеуі де әсер ететінін басты назарға алған жөн. Мысалы отырықшы жұмыс істейтіндердің қан айналымы нашар келеді. Ал бұл өз ретінде шашқа әсер етпей қоймайды, – деп жауап берді.

Қазір деннің саулығын реттеу үшін витамин ішетіндер көбейді. Тіпті сәнге айналды дейді кейіпкеріміз.

– Шаштың жағдайына витамин жетіспеушілік те әсер етеді. Коронавирустық инфекциядан кейін түрлі дәрумен қабылдайтындар көбейді, ақырындап сәнге айналды. Бір жағынан бұл дұрыс. Алайда дәрігерге қаралмай, анализ тапсырмайтындар бар. Ал мұндай тәсілмен қабылдаған емнің нәтижесі болмайды. Адамдар кез келген витамин, дәрі пайдаланбас бұрын дәрігердің кеңесіне жүгінсе екен деймін, – деп алаңдауын жеткізді ол.

Әңгіме барысында халық арасында тараған мифтер туралы да айтты. Мөлдір Бекжанның айтуынша, кей адамдар шашым тез өссін деп қияды екен. Мұндай түсінік бізде де бар екен жасырмадық. Бірақ ешқандай шындыққа келмейтін түсіндірді.

– Иә, бұл шаш күтімі туралы ең жиі кездесетін мифтердің бірі. Шындығында шашты жиі қию оның өсу жылдамдығына әсер етпейді. Сондай-ақ «Шаштараздың қолы ауыр» деген түсінік бар. Оқырмандар осындай сұраныспен де хабарласады. Бірақ шашыңыздың өсу, өспеуі шаштараздың қасиетіне емес, жоғарыда айтқанымыздай адамның генетикасына, денсаулық жағдайына және бас терісінің күтіміне байланысты.

Шашым мықты, әдемі, жылтыр өссін деп түрлі химикаттарға толы заттарды қолданып, миллиондап ақша жұмсайды. Ал менің айтарым артық шығынсыз тек үй жағдайында жақсы күтім жасауға болады. Мысалы дәндерден, күріштің суынан, пияз, сарымсақ, лавр жапырағы, қалампыр мен ошаған секілді шөптерден қайнатпалар, маскалар жасауға болады, – дейді Мөлдір.

Жоғарыда айтқанымыздай, кейіпкеріміздің шашының ұзындығы – 2 метр. Кейде қысқа шаш үлгісімен күтім жасап үлгірмейтініміз рас. Бізге де, сізге де қызық... Ал Мөлдір Бекжанның шаш жуу процесі қандай?

– Кішкентайымда шашымды екіге бөліп жуатынмын, ал қазір өріп жуамын. Шашымды жуып болған соң босатамын. Бірақ шаш кептіргіш қолданбай-ақ табиғи жолмен кебуін күтемін. Жазда шашым 2-3 сағатта кебеді, ал қыста бұл процесс жарты күнге дейін созылады. Кейде шашым дымқылданып кебеді, – деді ол

Қазақы наным-сенімде көз тию деген бар. Қоғамдық орында болсын шашы жылтыр әрі ұзын бұрымды арудың көзге түсуі орынды.

– Бүгінге дейін көз тию туралы ойланған емеспін. Анам да «шашың бар кезде көрсету керек» деп өсірді. Қызыл түс немесе жылтырақ та тақпадым. Өсетін шаш өседі, түссе түседі деген пайыммен жүрдім. Десе де қазір көзге түсетін қазақы бұйымдарды тақсам деймін. Көз шашқа емес, сол ерекше затқа түседі дейді ғой.

Ал мұндағы басты мақсатым – ұлттық құндылықты насихаттау, бұрымды қыздарды көбейту. Әшекей тағатын бойжеткендердің бойында дәстүрге деген сыйластық, махаббат қалыптасады. Қолымнан келгенше айналама жақсы әсер етіп, ұлттық дәстүрді дәріптегім келеді, – деп әңгімесін қорытындылады.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Мөлдір Маханбетова:

ТАҒДЫРЛАСТАРЫМ ҮЛГІ ТҰТАТЫН ТҰЛҒА БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

(Басы 1-бетте)

– Мөлдір Темірқызы, ел біріншілігінде алтыннан алқа тақкан екенсіз, құтты болсын! Білуімізше, поуэрлефтингке келгеніңізге көп бола қойған жоқ. Жалпы спорттың бұл түріне тоқталуыңызға не түрткі болды?

– Рақмет! Иә, осы спортпен шұғылданып келе жатқаныма 2 жылдан асты. Ал оған себеп болған – әріптесім Сәбит. Бірнеше рет маған ұсыныс айтып, поуэрлифтингпен айналысуымды сұраған. Алғашында бұл спорт қыз баласына ауыр болады деп түйдім. Бірақ 3 айдың ішінде қалай жаттығу алаңында ауыр темірді еңсеріп жатқанымды байқамай да қалдым. Осы уақыт ішінде жеткен жетістіктерім жаман емес. Бұйырған жерден қоржыным бос қайтпайды. Қазіргі күні «Спортпен неліктен ертерек шұғылданбадым екен» деген өкініш бар. Мүмкін осы уақытта әлемнің алдыңғы қатарлы спортшылардың қатарында боларма дім, кім білсін?!

Қандай спорт түрі болмасын, қиындығы мен қызығы қатар жүреді ғой. Сол секілді менің де жаттығу залындағы, жарыстардағы әрбір сәтім ерекше өтеді. Өзім Қызылорда қалалық спорт бөліміне қарасты Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының спортшысымын.

– Жаттығуға қанша уақытыңызды арнайсыз?

– Әрбір жарыс үлкен дайындықты талап етеді. Жаттығусыз ауыр темірді еңсеремін деу бекер әңгіме. Өйткені тапсырыс берген салмақты көтеремін деп тұрғаныңызбен соңғы сәтте қиындыққа тап болуыңыз ғажап емес. Ал ұдайы жаттығу бар жерде нәтиже де болады. Сондықтан аптасына 3 күн, яғни дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндерін «Тарлан» бокс федерациясының алаңында өтетін жаттығуға арнаймын.

Баулитын бапкерлерім – Кабира Асқарова мен Айбек Абжан үнемі жанымнан табылып, жігерлендіріп отырады. Сол үшін жаттықтырушыларыма шынайы алғысымды білдіремін. Осындай білікті мамандар барда әлі талай биік белестерде төбе көрсетіп, додалардан құр қайтпаймын деп ойлаймын.

– Халықаралық дәрежедегі және ҚР-ның спорт шебері ретінде түрлі додаларда бақ сынап келесіз. Тіпті әлемдік ареналарда да ел намысын абыроймен қорғап, жүлделі орындардан көрініп жүрсіз. Аз уақыт ішіндегі жеңісті жорықтарыңызға тоқталсақ...

– Жоғарыда айтып өткендей, поуэрлифтингпен шұғылданып келе жатқаныма 2 жылдан асты. Осы уақыт ішінде бұйырған жүлдені қанжығама байлап келемін. Мәселен, 2022-2023 жылдары Ақтау мен Тараз қалаларында өткен Қазақстан біріншілігінде жүлделі I орынды иеленіп, «ҚР спорт шебері» дәрежесін алдым. Былтырғы жыл мен үшін жағымды жаңалықтарға толы болды. Өйткені ол Грузия елінің Тбилиси қаласында

өткен «Әлем кубогінде» қола жүлде еншілеп, артынша Таиландтағы дүбірлі додада II орын, жалпы есепте I орын иегері атанып, «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағын иемдендім. Одан кейін Астана қаласындағы VI Жазғы Паралимпиада ойындарында күміс жүлде бұйырды. Ал биылғы жылы Тараз қаласында ел чемпионы атансам, Алматы қаласында Қазақстан рекордын жаңарттым. Нақтыласам, үш тапсырыста да өз рекордымды өзім бұзып, соңында 92 келі ауыр зілтемірді еңсердім.

Мұның барлығы тынымсыз жаттығудың арқасында жеткен жетістік. Бұл әлі басы деп білемін. Алда мені тәтті де сәтті күндер күтіп тұрғанына сенемін.

– Есіңізде қалған ерекше жарысыңызбен бөліссеңіз...

– Мен үшін ең ерекше есте қалғаны – Таиландтағы бәсеке. Өйткені мен елімнің спортшысы ретінде қолымды кеудеме қойып, көкке көтерілген көк туға қарап тұрып әнұранымызды шырқадым. Әлем елдерінің алдында осындай дәрежеге жетіп, ел намысын асқақтатқаным маған ерекше әсер сыйлады. Ол кездегі толғанысты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес...

– Өзіңіз секілді спортшыларға қандай қолдау күтесіз?

– Қазір спортқа қызығатын жас балалар өте көп. Міне, осындай өрендерге жаңа форма алып беріп, айдың үздігі болған жас спортшыларға сыйақы дайындалса, спортқа ден қоятын жастардың қатары артар еді. Ал бұл жағы бізде ақсап тұр. Айтып өткенімдей, мен біраз жарыста болдым. Сол тұста өзге өңірлерден келген спортшыларға қарап сүйсінесің. Барлығы бірдей формада, ерекше әсер қалдырып жүреді. Ал біздің облыс бір форманың өзін алып береміз деп жүргеніне біршама уақыт болды. Сосын өзіміз сатып алуға тура келеді. Осындай кішкентай болса да көзге көрінетін жағдайларды реттесе, спортпен айналысатын жандардың қатары ұлғаяды.

Тағы бір айта кетерлігі, біздегі қаржы мәселесі. Ауыр атлетиканың жағдайын өзіңіз білесіз. Бір жарыстың өзі денсаулыққа үлкен кері әсерін беріп жатады. Ал оны қайта қалыпқа келтіру үшін пайдалы витаминдер тұтынған жөн. Сондай сәттерде барлығы өз қалтамызға түсіп кетіп жатады. Міне, осы бір мәселелер шешімін тапса деймін. Спортшыға жағдай жасалса, кез келген асуды бағындырады деп ойлаймын.

Сонымен қатар Өзге аймақтарда спортшылар ел біріншілігінен жүлделі келсе, арнайы сыйақы тағайындап ерекше қарсы алады. Ал Сыр елінде мен спортқа келген уақыттан бері мұндай жағдай болған емес.

– Спорттан бөлек қоғамдағы қызу тіршіліктің бел ортасында жүресіз. «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінде қызмет атқарады екенсіз. Қай уақыттан бері жұмыс істейсіз?

– Жас болған соң елдегі жаңалықтардан хабардар болып отырамыз. Елдің аузындағы әңгімелер, әлеуметтік желідегі сағат сайын жаңарған мәліметтерге қанық боламыз. Кей жаңалықтарды көзім шалып, қынжылып қаламын. Сондай сәттерде осы елдің ауасымен тыныстап жүргеннен кейін аз да болса қоғамға пайдам тисе екен деймін.

2022 жылдың сәуір айынан бастап қоғамдық жұмыс негізінде «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінде жұмыс істеймін. Жаңа орта мені айналаммен ашық танысуға, қызу тірліктің бел ортасында жүруді баулыды. Негізінен біз мүгедектігі бар жандарға компьютерлік, инвасто, инватакси қызметтері арқылы көмек береміз. Ал осындай ортада жүру маған қатты ұнайды. Көптеген өзіммен тағдырлас жандармен кездесіп, олардың ішкі жан-дүниесін тыңдап, сыр шертеміз. Сол арқылы қоғамдық іс-шараларға белсене атсалысып, қолымнан келгенді жасаймын. Менің құлшынысымды оятқан ортаның басшысы Сағатбек Қуанышбайұлына мың алғыс.

– Арбаға таңылса да қайсар мінезімен тағдырдың тосын сыйларына қарсы тұра білетін Мөлдірдің алдағы жоспары қандай?

– Адам қиялы шексіз ғой. Кешкілік жастыққа бас қойғанда көптеген жоспарларымды ойша тізбектеп шығамын. Кей сәттерді көз алдыма елестетіп, соған қарай қадам басу керектігін түсінемін. Өмірге деген құштарлығымды оятып, қоғамнан өз орнымды табу үшін күні-түні еңбек еткен анамның жүзіндегі күлкі маған үлкен мотивация сыйлайды. Сондықтан сол үшін мен аянбай тер төгемін.

Алдағы жоспарым – қоғам белсендісі болып, өз тағдырластарым үлгі тұтатын тұлға болу. Сондай-ақ спортта биік белестерді бағындырып, өз бақытымды табу. Бір ғана бағытта қатып қалмай өзімді түрлі бағытта сынағым келеді. Қалғаны уақыттың еншісінде.

– Ашық әңгіменіз үшін рақмет! Өміріңіз жетістікке толы болсын!

Әңгімелескен
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Ақмешіт жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 7049
Тапсырыс: 1871